

846037 → АД
1186



Бексұлтан НҰРЖЕКЕҰЛЫ

ӨНЕР
ҚҰДІРІТІ



Uaqyt

және

қаламгер

Бексұлтан НҰРЖЕКЕҰЛЫ

Өнер күдіреті

W
-36203(2)



Алматы: "Білім" 2003

ББК 84 Каз 7-44
Н 86

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат
және қоғамдық келісім министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Н 86 Нұржекеұлы Б.

Өнер құдіреті. Тарихи-танымдық мақалалар.
—Алматы: “Білім”, 2003. — 100 бет.

ISBN 9965-09-153-6

Шағын кітапшада автордың ұлы өнер адамдары жайлы әр жылдары жазылған танымдық мақалалары топтастырылды. Олардан өнерсүйер оқырман қауым Күләш Байсейітова, Жамал Омарова, Мұқан Төлебаев, Дәнеш Рақышев сынды тағы да басқа көптеген тума таланттар өмірінің көп жария етіле бермейтін беймәлім сырлары мен Біржан сал, ақын Сара, Әсет, Төребай сияқты айтыс дүлдүлдері жайында тарихи тың деректерге қанығады.

Жинақ негізінен студент жастар мен жалпы өнерсүйер қауымға арналған.

4702250201-022
Н 412(05)-03

ББК 84 Каз 7-44

ISBN 9965-09-153-6

© Нұржекеұлы Б., 2003
© “Білім”, 2003

КҮЛӘШТІҢ ҚҮДІРЕТІ

Жақсының да, жаманның да халықтан шығатыны рас. Ал дананы, кемеңгер мен кемелді, құдіретті кісілерді халықтың ниеті, қошеметі тудырады. Қазақта сондай дара туған адамдардың бірі – Күләш.

Күләштің өнердегі құдіретін әлем тарихында сірә, тек, Шыңғыс ханға ұқсатуға болар. Ол да, бұл да жоқтан бар жасаған адамдар. Екеуінің ең басты ұқсастығы – сол: бірі елі де, жері де жоқ жұрттан мемлекет құрады, оның даңқын әлемге жайды; екіншісі театры да, театрға дайындайтын мектебі де жоқ елде ұлы опера әншісі болды, өнерімен бүкіл Совет Одағының халқын тандандырды.

Қазақ деген халық бар екенін, оның айрықша өнерлі екенін өткен ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдары Совет Одағына, одан артылса, шетелге әйгілеген екі адам бар: бірі – Жамбыл, екіншісі – Күләш. Уақыт көп нәрсені көмескілейді, кейде ұмыттырады, бірақ халықтың әлемге танылуы бірде қарқынды, бірде баяу үнемі жүріп жатады. Сол үнемі жүріп жататын қасиетті қозғалысқа өлшеусіз үлес қосқан Күләш – қазақтың мәңгі мақтанышы. Қай кезеңде де: “Міне, мынау – менің перзентім!” - деп мақтана алатындай адам тудыра алған халық – бағы бар халық. Күләш та белгілі кезеңде қазақтың бағын ашқан бір перзенті.

Күләш құжаты бойынша Алматыда 1912-жылы 2-мамырда дүниеге келіпті. Оның дұрыс-бұрысын бір құдай білмесе, біз білмейміз. Ең жақын, ең сырлас деген Шара досы: “1912-жылы қаңтар айының он екісінде дүниеге екі алып келді. Оның бірі – Күләш, екіншісі – Димаш, біздің соңымыздан Шара секілді “көкір-шүкірлер” келіпті”, - деп, өзі айтып алып, бұлақ суындай сыңғыр күлкісіне салып сылқылдай күлетін” - депті (“Өмірім менің – өнерім”, “Жазушы”, 1983, 192-бет). Түптеп келгенде, бұл да шындыққа дәлел бола алмайды: ешкім ешқашан өзінің қай күні туғанын “көріп тұрдым” деп куәлендіре алған емес. Айып да, күнін де анықтамай-ақ қояйық, бірақ дәл биыл Күләштің туғанына 90 жыл толатыны біздерді талай ойға жетелейді.

Күләш – өзінен өнері, даңқы ұзақ жасап келе жатқан адам. Оның пәни ғұмыры дәл Мұқағалидікі сияқты 45 жаспен ғана шектеледі. Бірақ ол атақ пен даңқтың бүкіл кереметін көзі тірісінде-ақ татып білген-ді. Ол – көптің бірінен көктің ең биігіне көтерілген Күләш.

Айрықша жағдайлар тумағанда, айрықша жаратылған адам екенін өзі де, елі де әйгілей алмай өтетін бе еді, кім біледі?!

Күләш та қазақтың көп қарапайым қызының бірі-тін: артық дейтін де, кем дейтін де көзге оқшау ештеңесі болмапты. Әкесі Жасын шешесі екеуін тастап, бөлек өмір сүріп кеткен екен. Оның шын аты-жөні – Гүлбаһрам Жасынқызы Бейісова. Шешесінің аты – Зибажан.

Күләшті өнер биігіне көтерген – ортасы. Ол ортаны құлшындырған – уақыт. Бағының ашылуына бір себеп – жиырма бірінде бас қосқан күйеуі Қанабек. “Халқымыздың өнерлі екенін қайтсек әйгілейміз?”- деген кілең ығай мен сығай Күләшті алақандарына сап аспандатты. Мәдениет басшысы

– Жүргенов, ақылшы ағалары – Серке, Елубай, үйретушісі – Жұмат Шанин, жанашыр достары – Құрманбек пен Шара; шын мәнінде Күләштің төрт құбыласы сай еді. Тіреуі, қошеметі мықты кезде Күләш “қазақтың бұлбұлы” болды. Оның атағы күн сайын, ай сайын аспандап отырды. “Айман–Шолпан” спектаклін қоюдағы жетістіктері үшін 1934-жылы Күләш 22 жасында ғана “Қазақ ССР еңбек сіңірген әртісі” деген атақ алды. Ол жылғы жарнамада оның аты-жөні Бейісова деп қана жазылыпты. 1936-жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің онкүндігі Күләштің атын бүкіл Совет Одағына мәшһүр етті.

“Қыз Жібек” операсындағы Жібек-Күләштің “Гәккуін” тыңдап, сахнадағы ойнау шеберлігін көзімен көрген мәскеуліктер “жабайы, көшпенді қазақтардың” нағыз өнерпаз халық болып шыққанына қайран қалды. 1936-жылдың 26-мамырында Күләш сол кездің ең жоғарғы сыйапаты Еңбек Қызыл Ту орденін алды. Сол жылдың 6-қыркүйегінде “ССРО халық әртісі” атағы белгіленіп, сол атаққа бірінші ие болғандардың бірі де Күләш еді. Атағы әлемге әйгілі Станиславский, Немирович-Данченко, Качалов, Нежданова сияқты алыптардың қатарында 24 жасар Күләштің де үлкен құрметке ие болуы қазақ халқы үшін айтып жеткізгісіз қуаныш, қуаныш болғанда да жарты әлемді жалт қаратқан қуаныш еді! Ең ғажабы: сол атақ, сол құрметке Күләш шын мәнінде лайық еді! Сондықтан ол елдің сол кездегі ең сүйіктісі-тін. Қазақ десең, Күләш; Күләш десең, қазақ еске түсетін кез еді ол.

Одан 21 жыл кейінгі кез, яғни 1957-жыл басқашалау еді: Жүргенов әлдеқашан “жау” боп кеткен, “елім” дегеннен гөрі “менмін” дейтін мінез мәдениеттілеу көріне бастаған, Құрманбек пен Шара ажырасқан, Күләш пен Шара араздасқан, Қанабек пен Күләш жалғыз ұлдан айрылған

камкөңіл, Серкелер мен Елубайлар қартайыңқыраған, іштарлық пен күншілдік күшейіңкіреген кез болатын. Осы уақытта Күләштің үстінен алты адам қол қойған арыз жазылған-ды. Сол арыздың кесірінен Күләш Қытай Халық Республикасына баруға тиіс сапарына жіберілмей қалған-ды. Ол әрекетті, қалай жұқалатсаң да, қазақ бұлбұлына жасалған қастандық қана. Кезінде, яғни 1977-жылы мен Қанабек Байсейітов ағамыздың ауызба-ауыз айтуы бойынша “Құштар көңіл” атты естелік кітабын жаздым. Оның қолжазбасы әлі күнге дейін сақтаулы. Себебі оның ішінде айтуға қажетсіз-ау деген құпиялар да бар-ды. Сол кітаптың редакторы ешкіммен келіспей-ақ қысқартып тастаған бірер сөйлем бар. Соларды алдыға тартсам, жалалау мен жамандау арқылы күйдірген арыздың қаншалық оны ойсыратқаны анық аңғарылады:

– Қана, құрыдым, я погибла,- деді.

– Не боп қалды?

– Қытайға бармайтын болдым. Үстімнен арыз түсіпті, алты адам қол қойған көрінеді. “Арақ ішіп қояды, гуляет”, - депті. Мұндай масқараны көргенше, өлгенім жақсы ғой, Қана.

– Ой, сен де, кім арақ ішпейді екен, әртістің бәрі ішеді. – Ішім қан жылап кетті, бірақ Күләштің көңілін аулау керек болды, өрнені айтып жұбатуға тырысып жатырмын.

– Жо, Қана, я этого, наверно, не вынесу,- деп басын шайқады. Көз жасы бырт-бырт тамып кетті.

– Жындысың ба? Онысы не бала құсап!- деп, даусымды қатайтып, жекіңкіреп тастадым. – Біреулер арыз жазыпты деп, соған да енді жылаймысың? Қайта оларға кім екеніңді танытып, көрсет көздеріне!

– Мұндай жаулық бұрын да көп еді, әлі де қалмапты ғой. Ешқашан қалмайтын шығар енді”.

Сөйткен Күләштің сол жылы содан кейін бір айдың ар жақ-бер жағында 6-маусымда Мәскеуде қайтыс болғаны белгілі. Ортадан озық шыққан Күләшті ортаның бақастығы ең бір оңтайлы кезде бас салған екен. Ауру да адамның әлсіреген кезін аңдиды, ал ажал Күләшті қорғаушылары мен қолдаушылары шалаң тартқан тұста шалып жыққан-ды.

Мен ол алты адамның арызын оқығам жоқ, архивтен іздемедім де. Бірақ онда не айтылғанын шамалаймын. 1985-жылғы 1-желтоқсанда қазақ радиосынан “Күләштің соңғы көктемі” деген шығарма бойынша әңгіме-хабар берілді. Кешікпей сол кездегі телерадионың басшысы Камал Смайылов ағамызға менің үстімнен Серіков дегеннің арызы түсті. Оның көшірмесін сол кездегі Бас сарашы Оразбек Бодықов: “Мұны, мүмкін, болашақта пайдаланарсың”, - деген тілекпен маған беріп жіберген-ді. “Күләштің қалай өлгенін біз жақсы білеміз, - дейді Серіков деген бүркеме атпен арыз жазып отырған адам. Татар декадасына барып, банкетте арақ ішіп, Пекин қонақүйінде 536-нөмірде ваннада қайтыс болған. Алты кісінің ЦК-ға хат жазғаны рас. Олар Күләш арақ ішеді, содан тыйылуға жәрдем етіңіздер деген. Негізгі мазмұны сол. ЦК да оны дұрыс деп айтқан. Ол адамдар қазір осында. Екеуі СССР халық әртісі, неше рет мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, талай орденмен наградталған, Жоғарғы Совет депутаты. Қалғандары Қазақ ССР халық әртісі, лауреаттар, талай орденнің кавалерлері. Міне, Орталық Комитет те олардың еңбегін осылай бағалап отыр... Егер бұл әңгімені көтергілеріңіз келсе, ЦК-ға барып сөйлесейік, оған барғалы да отырмыз”.

Осы арыздың ішінде: “Күләштің ұлы артистка екенін бәріміз де білеміз. Тіпті Нұржекеевтен де жақсы білеміз, бірақ Нұржекеев Күләштің жеке

өмірінен не білмек? Ештеме”, - дейтін ғажап шындық бар. Жеке өмірді өнердегі өмірге қарсы қою, сол арқылы өнердегі өрлеп келе жатқан жолды кесу — дәстүрлі және нәтижелі әдіс. Алайда оны талантқа қамқорлық жасау, жанашырлық деп бағалауды Серіковтен мен бірінші рет естідім. “Қазақтың талай өнер қайраткерлерін арақ ана дүниеге әкеткенін сіз жақсы білесіз. Күләш, Қанабек бүкіл семьясымен содан кеткен. Біздің сізбен міндетіміз дарынды талапкерлерді арақтан сақтап қалу үшін атсалысу емес пе?” - депті.

Рас айтады: арыздан адам өлуші ме еді? Арыздан Сәкен, Илияс, Бейімбеттер құсап ұсталып кетуі мүмкін, алайда өле қоймауға тиіс қой. Күләш, мықтаса, Қытайға барайын деп тұрған сапарына бармай қалған шығар, соған бола күйінген шығар, бірақ арыз жазушылардың адал ойын, арақ ішуді қойсын деген жанашырлығын түсінуі де керек еді ғой. Күләш өлгеннен кейін 28 жылдан соң да өзін Серіков атаған әлдекім осылай ақталады. Өзін ақтай отырып, Күләшті әлі де қаралайды.

Әдейі қаралайды. “Ақылмен” қаралайды. “Сценарияда Илиясты, Бейімбетті, Сәкенді, т.б. қорғамақшы болып, қазақ халқының атына дақ салғысы келеді. 37-жыл айтылып бітпеп пе еді?... Халықтың жүрегіндегі ... (көшіруші бір сөзді оқи алмаған. — Б.Н.) неге қайта көтересіздер? Басқа тема табылмады ма?” - деп ашынады Серіков.

Рас айтады, мен Күләшті көргем жоқ, қалай өлгенін естідім, бірақ Серіковтің айтқанына сенбеймін. Өйткені, менің байқауымша, ол да атақты адамның бірі. Және арызда жазылғанның бәрін біледі. Күнәмізді құдай өзі кешірет, тіпті, сол алтаудың бірі емес пе екен деп те қалам. Өйткені оның өтірікке, жалаға епті адам екенін: “Күләш, Қанабек бүкіл семьясымен содан кеткен”, - дегенінен-ақ таныдым. Себебі Күләшті

көрмегеніммен, өле-өлгенше Қанабектің қасында отбасымен араласып жүрдім, “Құштар көңіл” кітабын, ол туралы бірнеше мақала жаздым, жетпіс жылдығында баяндамашысы болып, Жетісудың біраз жерін бірге араладым, бірде-бір рет оның ішудің салдарынан не есінен танғанын, не сөзінен жаңылғанын көргем жоқ. Алайда менің анық бір білетінім: лауреаттық, өртістік, депутаттық атақ арыз жазған алтауға тисе, тиген-ақ шығар, Күләшқа қонған бақ оның бірде-біріне қонған жоқ. Қонуы мүмкін де емес-ті, өйткені Күләш театрдың, опера өнерінің басында тұрды, көмейінің көзін ашты, ашып қана қойған жоқ, атағын аспанға шығарды. Әбділда Тәжібаевша айтсақ:

– Шырқады ол: “Мен қазақтың әнімін”, - деп,
Сәулетті,

салтанатты,

сәнімін деп.

Сынбайтын семсерінің жүзімін деп,

Ақылы, махаббаты, арымын деп.

Қазақ Серіков қаралаған Күләшті білмейді, оған сенбейді, Әбділда ақын бағалаған Күләшті іздейді, сағынады. 1937-жылдары кімді кім қаралап, кімді кім ұстатқанын ашып айтатын заман тумайынша, өзінен озғанды Батырашша аяғынан шалатындар, сірә, тыйыла да қоймас. “Өзімді білдірмей өтсем де, ұрпағымның бетіне шіркеу болармын”, - деген үрей орнамайынша, жала мен заланың азая қоюы екіталай-ау. “Дос болып қас қылғаннан сақта, құдай!” - дегенді Қапез әнші жайдан-жай айта қоймаған шығар-ау. Ешкім көрмейтін, білмейтін жерде даттап-даттап, елдің немесе өзінің көзінше мақтай салуды іскерлік санау бізге дағды боп қалды ма деп те шошисын.

Өзі көрмеген, өзі білмеген адам өтірікке де сеніп

қалуы мүмкін. Жай адам жала жапса жабар-ау, бірақ жаңағы Серіков меңзеп отырған лауреаттар мен халықтың өртістері шынымен өтірік айтады, біреуге жала жабады дегенге қазіргі, ертеңгі ұрпақ нана ма, жоқ па? Атақтылардың да іштарлықпен ауыратынын әркім біліп, әркім соған сене бермейді ғой. “Жаны шын ашыса, не үйіне шақырып, не үйіне барып неге айтпайды, неге ЦК-ға жазады?”- дегенді олар ойлай ма, жоқ па, кім білген? Сондықтан ең сенімдісі – Күләштің өз замандастарын тыңдаған. Күләштің ішіп алу кесірінен спектакілдер хабарланған күні болмай қалып, репетициялар кейінге ысырылып жатса, онда, әрине, алты азаматтың ашынуына іштарлықтың еш қатысы жоқ.

“Жалпы, Күләш бұрын да, кейін СССР халық өртісі атанып, екі рет СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болған соң да ауырдым деп, анау-мынау деп, ешқашан жарияланып қойған спектакілді болдырмай тастаған емес. Сол бір еңбексүйгіш қасиетінен өле-өлгенше айнымай, өзгермей кетті”,- дейді Қанабек (“Құштар көңіл”, 1977, 66-бет).

“Сахнада жасаған бейнелері қандай сүйкімді, қандай нанымды болса, өз өмірінде де сондай, пандықты, атаққа мастануды, дүниеқорлықты білмейтін”,- дейді Ғ. Мүсірепов (“Қазақ әдебиеті”, 24.11.72).

“Оның бойындағы сондай табиғи кеңдік, жылылық кез келген адамда бола бермейді”,- дейді Қазақстанның халық өртісі Кәукен Кенжетәев (“Қазақ әдебиеті”, 28.12.01).

“Мен кіші де кеңпейіл Күләштің өмір бойы істес серігі болып жүріп, кісімсінгенін, атақ-даңқ буына мастанған жат мінезін көрген емеспін”,- дейді СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Шабал Бейсекова (“Лениншіл жас”, 13.05.82).

“Неужели она ни разу, к примеру, не сорвала спектакль?”- деп сұрайды Болат Жандарбеков Күләш жайында шешесінен.

“Такого не помню, сынок”,- дейді Шара (“Простор”, N5, 1976).

“Жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ болмас” дегенмен де, өнерде ол сүрінген жоқ”,- дейді Шара өз естелігінде (“Өмірім менің – өнерім”, 197-бет).

“Мен Күләш апайдың сахнаға ойнау үшін шыққанын көрген емен. Ол өз рөлінде өмір сүру үшін, мың өліп, мың тірілу үшін шығатын. Сондықтан да “аққудайын сыланып, тотыдайын таранған” Қыз Жібекті, жаны да, төні де нәзік, сезімтал Чио-Чио-Сан, махаббат періштесі Татьянаны дәл Күләштай орындай алмайды, ешкім қайталай да алмайды”,- дейді СССР халық әртісі Бибігүл Төлегенова (“Қазақ әдебиеті”, 22.02.85).

Мен осылардың осы сөздеріне имандай сенем. Оқырман да сенер-ау деп ойлаймын. Күләшқа күйе жаққысы келгендер кеш те болса кінәсін бүгінге дейін түсінген де шығар, кім біледі?! Бірақ өзгенің адамгершілігіне әркім өз адамгершілігі дәрежесінде ғана сенетін сияқты-ау.

Күләштің құрбы досы Шара биші өзінің аталмыш кітабында: “Күләш екеуміз театр табалдырығын қатар аттадық. Әуелгі кезде, неге екенін қайдам, ешбір рөл бермеді бізге. “Алып кел, шауып кел” деген тәрізді кіріп-шықпа көріністерде, көпшіліктің арасында жүретін едік. Оған бола намыстанған жоқпыз, атақты ағайлардың санатында жүргенге мәзбіз”,- дейді (30-бет).

Күләштің актрисалық, әншілік атақ-даңқы ешбір ерекше күштің әсерінсіз, әншейін қалыпты жағдайдан басталғандығына бұл естелік – куә.

Көріп отырсыздар, қазақтың екі атақты қызы да театр табалдырығын осылай елеусіз ғана атапты. Жұмат Шанин Күләшті ең төменгі ставкамен театрға

алады. Сол елеусіздіктен елеулі дәрежеге Күләшті көтерген – таланты мен еңбексүйгіштігі.

Жұмат Шаниннің “Шахта” деген пьесасы жұртқа хабарланып, ертең қоямыз деп отырғанда, Зейнеп деген қыздың рөлінде ойнайтын Жанбике (Шаниннің зайыбы) даусы қырылдап, тамағы қатты ауырып қалады. Жұмат та, бәрі де қатты сасады. Сонда күтпеген жерден Күләш: “Мен ойнайыншы, аға!”- дейді Жұматқа. Бәрі таң қалады. Сөйтсе, репетиция кезінде Күләш Зейнептің сөзін, қимылын – бәрін жаттап, ойына түйіп отырады екен.

Сол алғашқы ойыны жайында Қанабек: “Қалай сахнаға шықты, солай өзгеріп кеткендей көрінді, ұялыс-қысылысы жоқ, емін-еркін ойнады”, - деп жазады өзінің “Құштар көңілінде” (84-бет).

Осыдан кейін ғана Күләш екінші қатардағы рөлдерде ойнай бастайды. Ол кездегі спектакілдердің бәрінде дерлік ән айтылады екен, ал музыкаға алғырлығы жағынан Құрманбек пен Күләш алдарына жан салмайды: екеуі бір естігеннен-ақ кез келген әнді қағып ала қояды екен. Рөлдерінің сөзін тез жаттау жағынан да екеуі өзгелерден оқшау тұрады. Әу бастан-ақ Күләш үлкен рөл, кіші рөл дегенге менмендікпен қарамайтын, қайда жұмсаса, сонда ұша жөнелетін қағылез, сахнаға шығудан артық қуаныш бар деп ойламайтын; өнер десе, ішкен асын жерге қоятын айрықша адам болыпты.

Қанабек пен Күләш 1933-жылы 23-көкекте үйленеді. Ол кезде Күләш кәдімгідей ысылып, сахнаның қыр-сырын әжептәуір меңгеріп, театр ортасы мен көрермен алдында айтарлықтай беделге де ие болып қалады. Сол кездегі қалада тұрған көзі ашықтау қазақтар нені білсе, соны біліп, нені білмесе, ол да соны білмей өскен көптің бірі-тін.

“Қара шаңырақ драма театры 1926-жылы 13-январь күні пердесін ашса, 1934-жылы тап сол күні,

сол сағатта қазақтың тұңғыш музыкалық театры дүниеге келген еді”,- дейді Құрманбек Жандарбеков (“Көргендерім мен көңілдегілерім”, 1989, 62-бет). Жүргеновтің аузынан алғаш “опера” деген сөзді естігенде, Күләш: “Құрмаш, опера деген не? Әнді гармоньмен айтамыз ба әлде скрипкамен айтамыз ба?”- деп сұраған екен Құрманбектен. 1933-жылы ғана осындай ұғымда болған адамның 1936-жылы Совет Одағының тұңғыш халық әртістерінің бірі атануы, шынында да, ғажап емес пе? Ондай күдіретке қалайша таңданып бас шайқамассың?!

Драмалық театрдың деректірі Орынбек Бековке Қанабек келіп жаңадан құрылған музыкалық театрға Күләш екеуінің ауысатындығын айтқанда: “Ой, олар да түк шықпасқа әуре боп. Ән айтып адам ойнай ма екен?”- деп, ол да операны түсінбей кейіген екен. Бірақ шындық басқаша болып шығады.

Қазақ музыка театры тұңғыш шымылдығын Жұмат пен Құрманбек қойған “Айман–Шолпан” комедиясымен ашқанда, Күләш Айманның, Құрманбек Көтібардың, Қанабек Арыстанның рөлін ойнайды. Басқа рөлдерде ойнап, Жанбике Шанина, Үрия Тұрдықұлова, Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Елубай Өмірзақов, Манарбек Ержанов, Иса Байзақов, Қуан Лекеров сынды қазақ өнерінің сол кездегі ығай мен сығайлары түгел дерлік қатысады. Сондықтан да болар, “Айман–Шолпанға” жұрттың ынтығуы айрықша болады. Көшеде, үйде, күндіз де, түнде де ел көпке дейін “Айман–Шолпанның” әнін ауыздарынан тастамай айтып жүреді. “Күнде қоямыз. Тіпті, дем алмадық. Содан он бесінші майға дейінгі аралықта “Айман–Шолпанды” жүз рет қойыпшыз. Дәл ондай табысты өткен спектакіл дүниеде бола бермес”,- деп еске алады Қанабек ағамыз (“Құштар көңіл”, 89-бет).

Шынында да, төрт айдың жүзінде 100 рет қою! Бір ғана спектакілді 120 күннің ішінде 100 рет қайталап қою деген әлем театрларының тарихында болып па, болмап па? Бұл, меніңше, спектакілдің мықтылығынан ғана емес, қазақ халқының айрықша өнерсүйгіштігінен де болған қайталанбас оқиға!

Жүргенов бастаған сол кезгі қазақ өнерпаздарының құдіреттілігі бір мұнымен ғана сыйпатталмайды. Халқының салтында, дәстүрінде жоқ театрды тұңғыш құрған алып топ – жазушылар, әртістер, сазгерлер – “Айман–Шолпан”, “Шұға”, “Қыз Жібек” атты үш спектакілді сол театр құрылған жылы-ақ қойып үлгереді. Бір жылда үш спектакіл! Және бәрі де – театр да, әртістер де, спектакілдер де, музыкасы да – бәрі жаңа! Жоқтан бар жасау демегенде, мұны басқаша не деуге болады?! Бір ғажабы: сол шымылдығы ашылған алғашқы жылда-ақ театрдың табалдырығын аттаған “Қыз Жібек” әлі күнге дейін сахнадан түспей, 68 жыл бойы халқын қуантып келеді. Оның бұл өміршеңдігі – өзгеше сыр, өз алдына мақтанш әңгіме.

“Қыз Жібекті” қойған, Бекежан боп ойнаған Құрманбек Жандарбеков: “Бұл рөл Күләш үшін жазылғандай, Күләш Жібек рөлін ойнау үшін туғандай еді. Егер “Қыз Жібек” операсы зор табысқа ие болды дейтін болсақ, сол табыс Күләштің арқасында келді деуге режиссер ретінде мен жасқанбаған, қызғанбаған болар едім”, - деп жазады естелігінде.

“Әсілі, Күләш – бет-пішіні нәзіктеу, жұқалтаң, ақ құба еді. Әдемі болатын. Абайша айтқанда, “қақтаған ақ күмістей” жазық маңдай, кілдіріктей иілген қас, қысыңқылау өткір көз, қыр мұрын, оймақ ауыз өзінше сүйкімді келген жан. ...Күләшта көп әйел затында жоқ бір нәзік бітім-болмыс болатын. Ол Жібекті жарқырата шығарғанда, осы

айрықша тартымдылығы аз рөл атқарған жоқ”, - деп жазады Шара.

“Алғаш рет оны “Қыз Жібек” спектакілінде көрдім. Сондағы Жібек-Күләш менің өнер өлеміндегі байқаған тұңғыш құбылыс-жаңалығым болып санамда мәңгілік орнап қалды. Ол менің өнердегі ғаламат биіктікті алғаш сезінуім екен”, - дейді Бибігүл Төлегенова (“Лениншіл жас”, 13.05.82).

“Күләш жасаған бейнелердің даралығы, нанымдылығы сонша, әрбір жаңа спектакілден кейін Күләш көпке дейін Айман, Қыз Жібек, Баттерфляй, Ақжүніс, Қадияша, Ажар, Сара атанып жүруші еді”, - дейді Ғабит Мүсірепов сағынышпен еске алып (“Қазақ әдебиеті”, 24.11.72).

“Сахнаға Күләштай Жібек қайта оралмаса, Қанабектей Төлегенді іздеп табу қиын”, - депті Рәбиға Есімжанова (“Қазақ әдебиеті”, 08.10.82).

Жібектің рөлін Күләштің қалай ойнағанын осы лебіздер-ақ аңғартады. Амал не, оның осы ойынын, тіпті, “Қыз Жібекті” түгелдей кинофилімге түсіріп алу кезінде ешкімнің ойына келмеді. Тек 1936-жылы мәскеуліктер “Қыз Жібектен” аз ғана үзінді түсіріп алған екен, 24 жастағы ғажап Күләш-Жібекті анда-санда болса да содан көріп, сағыныш басқандай боласыз. Сынғыр, сәбидің ерке, пәк үніндей назды дауыс жүрегінді үлбіреп кеп шымшиды. Оның да сақталғанына тәуба! Жібектің нәзіктігін, ізеттілігін, сән-салтанатын, еркелігі мен парасаттылығын дәл мұндай дөп көрсететін әннің табылғаны қандай ғажап! Ән-Жібек-Күләш! Осы үшеуінің үйлесімі кімді қайран қалдырмаған десеңші!

Ешқандай да ән айту, ән үйрену мектебін бітірмеген, даусы белгілі бір музыкалық қалыпқа түспеген, тек ұлттық дәстүрде ашық дауыспен ғана ән айтуды меңгерген Күләш опера сахнасына

Жібекті қазақы колоритпен алып шығады. Сөбидің еркелігіндей сыңғыр даусымен сызылта ән салған Жібек-Күләш көрерменнің жүрегін алғаш аузын ашқан сәттен-ақ жаулап алады. Оның киімі, киімінің қонымы, қабағымен сөйлеп қасындағыларға қарағаны, үлбіреп бұрылғаны, күлімдеп тыңдағаны; Төлегенді ұнатып тұрып, ұнатқанын білдіріп алмайын деп ұялғаны; Бекежанды көргенде бет жүзінің бір сәтте-ақ суып салуы, қысқасы, сахнада оның шашынан табанына дейінгі бүкіл дене мүшесі мен киім-кешегінің түгел ойнауы – көргенді де, көрмегенді де мәңгі арманда қалдыратын құдірет. Олай болуы мүмкін емес деп ойлайсың, бірақ солай болып тұрғанын көргенде, айтарға сөз таппай таңданасың. Оның ойындарын көрмеген біз түгіл, көріп отырған небір тарландар да тілі байланып таңданысқан. “Ты наше чудо! Чудо!”- деген екен атақты орыс әншісі А.В. Нежданова Күләшті құшақтап. “Күләш өзі әннен жаралған бір жан еді!.. Қысқасы, “Чудо!”- депті Ғабең де бағаларға басқа сөз таппай.

Опера сахнасында Күләш 20 рөл сомдапты. Ең соңғы сахнаға шығарған соны туындысы 1949-жылы қойылған Н.Жигановтың “Алтыншаш” операсындағы Алтыншаш партиясы болыпты. Сонда ол 1934 пен 1949-жылдар аралығында, яғни 15 жыл ішінде 20 жаңа партия орындапты, оның 14-і қазақ әйелі екен. Одан бергі жарты ғасырдан астам уақыт аралығында біздің опера ондай өнімділік көрсете алған жоқ. Ол кездің қарқыны да, қарымы да кісі қызығарлық.

Күләш қажетті жағдайға қарай төменгі дауыспен де, жоғары дауыспен де бірдей айта берген. Оның бұл ерекшелігіне дәлел – Мәскеудің А.А.Бахрушин атындағы Орталық театр музейіндегі жазба. 1934-жылы Күләштің симфония оркестіріне қосылып айтқан Айман мен Жібек әндерінің жазбасы сонда сақтаулы

екен. Айманның әнін төменгі кәдімгі ашық дауыспен, ал Жібектің әні “Толқыманы” жоғары сопраномен айтыпты (Н.Нагулина, “Наша Куляш”, 1974, 24-бет).

Күләштің қай ойыны да қанша мақтасаң да сыярлық. Әйткенмен оның Ақжүнісі де айрықша. Үнемі ұнамды, жағымды мінездегі әйелдер бейнесін жасап өткен Күләш бір-ақ рет аяр, айлакер Ақжүністі ойнапты. Кәукен Кенжетаевтың Тарғын боп ойнаған бір кезі жайында Қ.Жандарбеков былай дейді: “Тарғынды ойнағанда, Күләшқа партнер болуға қатты жүрексінді. Тіпті, спектакіл жүріп жатқанда, Күләш-Ақжүніске қарап тұрып қалған кезі де болған. Сөйтсем, ол Күләштің күдіретіне таң қалып, тыңдаушы болып тұрып қалыпты. Күләш “сиқырына” беріліп кеткені сондай, өзінің рөл ойнап тұрғанын, сахнада екенін ұмытқан секілді” (101-бет).

Тарғынды айла-шарғысымен өз дегеніне көндіріп, содан рахаттанып жатқан Ақжүніс-Күләшті көргенде, Мұхтар Әуезов: “Қарашы, қарашы!- деген екен таңдана сүйсініп. — Добалдай Тарғынды жығып алып тояттап жатқан Пантера сияқты!” Сөз жоқ, өйтіп сүйсінткен адам да ғажап, сүйсіне білген одан да ғажап!

Алғаштар мен тұңғыштар тарих үшін ежелден бағалы. Өйткені қандай да бір үлгісі бар істі ілгері жалғастыру оңайырақ та, тыңнан бастап кетуге әркімнің батылдығы мен мүмкіндігі орайласа бермейді. Бұл жағынан Күләш — бағы жанған адам. Солай екенін Ғабит ағамыз да айтқан екен: “Айман, Қыз Жібек, Қадиша, Шұға, Ақжүніс, Баттерфляй, Маро, Ажар, Сара... Бұл рөлдерді біздің сахнада Күләштан бұрын ешкім ойнаған жоқ, бұл бейнелерді жасаған жоқ”. Солайы солай. Алайда бұл тұңғыштардың ішінен туындайтын тағы бір тұңғыш бар, ол қазақ сахнасында шетел классикасының

10)50822-

тұңғыш қазақ тілінде қойылуы: Пуччинидің “Чио-Чио-Саны”.

Социалистік Еңбек Ері, ССРО халық әртісі, Лениндік сыйлықтың иегері әйгілі режиссер Наталия Сацтың айтуынша, біздер бұл операның атын дұрыс атап жүргеміз жоқ, дұрысы “Чо-Чо-Сан”, италянша “көбелек” дегенді білдіреді екен, Баттерфляйды “Чо-Чо-Сан”, яғни “Көбелек” деп еркелете айтқаны ғой.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанға жіберілген Наталия Сац осы “Чио-Чио-Санды” тұңғыш рет қазақ сахнасында қоюға тапсырма алады. Өзі сол опера театрының бір бұрышын үйі есебінде паналап жатқан Сац қазақ әріптестерімен осы операның арқасында жақынырақ танысады. Театр деректірі Сацқа: “Дирекция қазақ труппасында Пуччинидің “Чио-Чио-Санын” қоюды сізге тапсырғанды жөн көрді... Бұл опера мұнда ешқашан қойылмаған... Қазақ труппасы ана тілінде атқаратын бірінші Европа операсы. Бәрі де өзіңіздің еркінізде. Тек бір ғана өтініш бар: Күләш Байсейітованы басты рөлге қойыңыз”, - деген тілек айтады.

Ал Сац орыс труппасындағы Ольга Хан деген кәріс әйелдің Баттерфляй партиясын тамаша білетінін, оны бұрын да орындап жүргенін, концерттерде оның ариясын үнемі “биске” айтатынын, оның осы рөл үшін туғандай әртіс екенін – бәрін біледі. Сондықтан деректірдің: “Біз сізге өмір жүргізбейміз. Тек күллі ісіңізге көмектесуге әзірміз”, - деген сәтін пайдаланып, “Ендеше, басты рөлге Күләш Байсейітованы емес, Ольга Ханды тағайындауға рұқсат етіңіз”, - деген өтінішін айтып қалады. Әрине, деректір ол өтінішін жақтыра қоймайды, бірақ үзілді-кесілді қарсы да болмайды.

Деректірдің мақсаты – қазақ сахнасында қазақ тілінде қойылатын спектакілдің басты рөлінде қазақ

әртисін ойнату. Режиссердің мақсаты – басты рөлде даусы да, музыкалық қабілеті де соған сай келетін адамды ойнату. Оған қайсысы ылайық екенін алдағы репетициялар дәлелдемек. Күләштің мүмкіндігі, әрине, Ольга Ханнан әлдеқайда нашар-ды: біріншіден, ол “осы уақытқа дейін операдан гөрі музыкалық драмаға жақын ұлттық репертуарды айтып келген-ді”, былайша айтқанда, даусы әлі шынайы опералық қалыпқа түспеген, яғни төмені мен жоғарылығы тұрақталмаған-ды, екіншіден, ССРО халық әртісі деген жоғары атағына мастанып кеткен деген қауесет те Сацтың құлағына жетіп үлгерген-ді; үшіншіден, “Осы партияны әуелі Ольга айтатын етіңізші, бұларды тіпті салыстыруға да болмайды ғой”, - деп, Сацқа қайта-қайта сыбырлаушы әртістер де баршылық еді. Олар Күләш айтса да, Ольгаға қосалқы (дублер) болып қана айтса екен деп тілейді. Төртіншіден, Ольгаға қарағанда Күләштің жасы да келіп қалған, отыздың үстіне шыққан әйел-ді, ал ойнайтын рөлі 15-тегі жап-жас қыз. Осының бәрі Сацтың күні бұрын Күләшқа сақтана, күдіктене қарауына әкеп соққан-ды. Ал оның бәрін Күләш сезді ме, жоқ па, ол жағы бізге белгісіз.

“Әуелгі репетицияларды Күләш, Ольга екеуімен алма-кезек өткіздім”, - дейді Сац (“Новеллы моей жизни”, 1984. Қазақшалаған – Әбілмәжін Жұмабаев. 1997). “Бір өкінішті жері, - дейді ол Ольга туралы біраз мадақтау айта келіп, – репетицияда ол самарқау-салқын жүреді, дауыстан басқа ештеңені де білгісі келмейді”.

Американ теңіз офицері Пинкертонға Горо деген алаяқ Чо-Чо-Санды (Баттерфляйды) бар-жоғы жүз иенге сатады. Ал офицер жылжымалы қабырғалары бар үй сатып алады да, өзіне ұнаған жапон қызымен 99 жылға үйленуге шарт жасайды, бірақ ол кез келген уақытта ажырасып кетуге қақылы болады.

Пинкертон үшін бұл үйлену көңіл көтерудің бір түрі ғана, ал Шығыстың аңқау да адал, сезімтал қызы Чо-Чоға махаббаттың қайталанбас ғажап бақытты шағы еді. Пинкертон Америкаға кетіп, сол жақта үйленеді. Ал бұл жақта Чо-Чо оның жолын күтіп, тағатсыз сағынышпен әр таңды атырады, Пинкертоннан перзент көреді. Балалы Чо-Чо қасындағы күтуші досы Сузуки үшеуі қайыршылық халге жетсе де, Пинкертон келеді, қайтадан бақытты шақ басыма орнайды деген үмітін үзбейді. Ақырында Пинкертон оралады, қасында американдық әйелі, ол тек баласын алып кетуге ғана келеді. Осыншалық қорлық пен сезімді аяққа таптаудың ауыртпалығын көтере алмаған Чо-Чо өзін өзі өлтіруді бірден-бір дұрыс шешім санайды.

Оқиғаның желісі-ақ жүрегінді ауыртардай аянышты, ал оны мұңды, шерлі ән миың мен жүрегіңе у қып тамшылатқанда, кеуде сүйегің қақырап айрылардай қапаланасың. Өнердің құдіреті жаныңды өстіп азапты сезім арқылы тазалауға тиіс-ті. Осының бәрін Күләш-Баттерфляй өз басынан өткен қайғыдай қабылдап, сахнада емес, өмірдің өзінде өтіп жатқандай сезіммен ойнайды. Репетициядан репетицияға өткен сайын Күләш – Чо-Чоның махаббат азабын тартқан адал, арманды бейнесі шерлі дауыс, нанымдылығымен жүрегінді ауыртар қимыл-әрекеті арқылы керемет бір биіктікке көтеріле бастайды. Оны да режиссердің естелігі әдемі суреттейді:

“...Москва әртістерінің еденге отыру қажет болғанда,... қатты қорыққаны есімде... Байсейітова мен Тұрдықұлова бұл мизансценаны оп-оңай орындайтын – еденге отыруға олар әбден дағдыланған, жайғасып отыра кететін”.

“Күн өткен сайын Күләшті бұрынғыдан бетер жақсы көретін болдым...”

Пинкертонға деген оның махаббаты қандай ғажайып, жігітті тыңдағанда, ол шыбықтай иіледі.

Екі әлем: тәкаппар америкамен оған төменнен жәудірей қарайтын аңқау Шығыс қызы... Жоғарғы ноталарды еркін алуға әбден машықтанған Күләш осы көріністі шексіз махаббат сезімімен аялап, жылытып жіберуші еді...

Пинкертонның шақыруын тосып, шымылдық сыртында бүрісіп жасырынып тұрған Күләш бейнесі есіме түскенде, әлі күнге дейін жүрегім қысылып кеткендей болады...

Күләштан кейін мен осынау арияны ақиқат шындық пен құбылмалы сезім астасып кеткен соншалық тұтас, табиғи күйінде тыңдап көрген емеспін. “Кім келед, кім келед, байқасайшы, Сузуки!”- дейді Күләш қазақша шырқап. Осыны есіме алсам, күні бүгінге дейін тамағым жыбырлап, көңілім бұзылып сала береді...

Күләш бір күрсініп, айтқанымды бұлжытпай орындады. Оның бұл арияны, рөлді кереметтей айтып орындағаны сондай, Евгения Сергеевна Павлова соңғы аккордтардан жаңылып қала жаздады: оның көзінен жас парлап, нотаны көре алмай қалды.

...Осы арияны Күләш айтқан кезде көрермендер ғана емес, тіпті жез трубаларын қалқан етіп отырған оркестірдегі әріптестеріне дейін, дирижер мен кулисте жасырынып тұрған көмекші қызметшілерге дейін жылап қоя беретін”.

Сахна Күләштің стихиясы – киелі орны болған. Бір уыс қана торғай құсап Пинкертонның бауырына тығылып тізесінде отырған бақытты Чио-Чио-Саннның 30-дан асқан Күләш екендігіне Сацтың өзі сене алмапты: жап-жас, үлбіреп тұрған қыздай өзгеріп кеткен екен. Оны құдірет демегенде, не дейсіз? Өнердің, өнердің өзіндей болған Күләштің кереметі осындай болыпты. Өкініштісі:

ол керемет орындалған арияны ешкім жазып алып алмапты, аса мәдениетті қауымның үлкені-кішісі, асшысы-қосшысы, қошеметшісі мен күншілі, ағы-тағыларының ешбірінің ойына келмепті.

“Чио-Чио-Сан” қазақ сахнасында 1944-жылдың 4-мамырында қойылады. Ол күнгі өнердің уанышында шек болмапты. Режиссер Сац: ...асқан таланты үшін, өзім тапқан асылымды байлап, шашпай-төкпей игеріп, менің өзімнен де сырып, байыптап көрсеткені үшін, ең алдымен Күләш Байсейітованы құшақтап сүйгім келді”, - деп қазады сол күнгі ғажап шағын еске алып.

Спектакілді көріп, тыңдап отырған әйгілі Әйзенштейн көзіне жас алыпты. Оны көріп қойған әйгілі әртіс Николай Черкасовтың өзі де көз қасына ие бола алмай қалыпты. Кейін Күләштің қасына барып: “Сіздей Чио-Чио-Санды мен өмірімде көрген емеспін және көрмеспін де. Сіз үшінші ғана емессіз, кісінің ақылы жетпейтін әртіссіз... Пуччинидің операсын жас күнімнен білетін білемін, ал бүгін, сіз ойнаған кезде, мен режиссерді де, композиторды да, либреттошыны білмей ұмытып кеттім, бұл жарық дүниеде тек сіздің өнерің ар екеніңізге ғана сендім”, - депті.

Құдай-ай, өнердің ұлы перзенттері өзге ұлыны қалай мейірленіп бағалайды десеңізші! Тағы біріңкіршісі: сол Черкасов тағы бір көре алмаспын деген Чио-Чио-Санды біз бірде-бір рет те көре алмаймыз, тыңдай да алмаймыз. Күләш өмірде болған, мақталған, күллі жұртты таңдандырған, бірақ бәрі кезінде ғана, өткінші кезеңде ғана; болашаққа, біздерге сол құдіретті өнері жетпеді. Әгер өкініш те адамды тәрбиелейтін өнер болса, сол өнерден біз әрқашан алдын бермей келеміз.

Мына қызыққа қараңыз: ө дегенде пыш-пыш қазақы өсектің, іштарлар жамандап үлгерген елділіктің әсерінен күдіктеніп, жақтырыңқырамай

іс бастаған Н.Сац соңынан: “Мәңгі ұмытылмас қымбатты Күләшім менің. Оның бұл фәниден кеткені қандай өкінішті! Режиссер мен опера әртісінің арасында өте сирек кездесетін өзара түсінісу бақыты үшін мен Күләшқа өле-өлгенше ризамын”, - деп жазады. Оны айттырған, талай жыл арада өткен соң да ұмыттырмай жаздырып отырған – тек Күләштің өз құдіреті. “Осынау актриса ойын сайын кісі танымастай өзгеріп сала беретін”, - деп, таңдана еске алады ол.

1944-жылы 24-желтоқсанда “Абай” операсының премьерасы болады. Күләш Ажар боп ойнайды. Гажап ойнайды. Бірақ ол Ажарды да біз ешқашан көре алмаймыз. Оны көрген, сан мәрте сүйсінген Әбділда ағамыз: “Мен Күләштан кейін мұндай Ажармен кездескен жоқпын... Күләш аз өмірінде көп жұмыс тындырды. Ол – біздің мәдени тарихымыздағы сирек кемеңгерлердің бірі”, - дейді (“Лениншіл жас”, 13.05.82).

Өзіңнің жүйрігіңді өзгенікімен салыстырғанда ғана анық бағалай аласың. Күләш – мұндай бөйгеге сан түскен адам. Соның бірі грузин композиторы Палиашвилидің “Даиси” операсына қатысуы. Ол опера 1943-жылы қазақ сахнасында қазақ тілінде қойылған-ды. 1944-жылы Тбилисиге осы спектакілдегі Маро рөлін ойнауға шақырады. Сол қойылымды көзімен көрген Шара сол күні қазақтың ғана емес, Күләштің грузин халқының да намысын қорғағанына куә болады, өйткені Москвадағы онкүндікте Маро рөлін тамаша ойнаған өз әртістері қайтыс болып, содан кейін оны ойнауға ешкімнің батылы бармай жүреді екен.

“Халық тынып қалды, құлақты тілетін ащы зарлы емес, кешкі самалдай желпіген жұмсақ та тұнық үнге ұйып қалғандай... Сатырлап соққан шапалақ Күләшқа дем берді, өз партиясын бастан-аяқ шебер орындағаны сондайлық, үздік әншілік мектебін

игерген Ангуладзе мен Амирашвили де, өзге әріптестер де оның үнін көмескілендіре алмады”, - деп жазады Шара.

Спектакілден соң да құмары тарқамаған жұрт Күләш пен Шараның қонақүйдегі терезе тұсына кеп: “Қазақ әнін салып беріңдер!” - деп тұрып алады. Ақыры Күләш балконға шығып тұрып қазақ әнін шырқайды. Өстіп Күләштің құдіреті қазақтың құдіретін грузиндерге де көрсетіп қайтады.

Күләштің тағы бір биіктің биігінен көрінген тұсы – ақын Сара болып ойнағаны. “Біржан–Сараның” премьерасы 1946-жылдың 7-қарашасында қойылады. Алғашқы қойылымдарда Күләш-Сара сахнаға ат мініп шығады. “Күләштің де ең бір сүйікті партиясы Сара болды. Бәлкім, оның Жібектен кейінгі ең жақсы көргені де сол болар”, - дейді Қанабек (172-бет). Мұқан Төлебаевтың бұл операсы – шын мәнінде әлемдік өнермен ұялмай жарысқа түсе алатын дүние. Ондағы хорлар мен билерді, арияларды өнеріміздің алтын алқасы десе де болғандай. 1949-жылы Мәскеуде қазақ әдебиетінің онкүндігі өтіп, “Біржан–Сара” операсын сонда көрген мәскеуліктер қазақ өнеріне тағы да таңдана қол соғысады. Сара партиясын шебер орындағаны үшін Күләшқа екінші рет (Бірінші рет 1948-жылы концерттік қызметі үшін алған-ды) сол кезде Сталиндік деп аталатын ССРО Мемлекеттік сыйлығы беріледі. Бұл мәртебелі сыйлыққа операның авторы М. Төлебаев, суретшісі Ненашев, әртістер Шабал Бейсекова, Әнуарбек Үмбетбаев, Байғали Досымжанов және режиссері Құрманбек Жандарбеков те ие боп қайтады.

Өнердегі Күләштің құдіреттілігі ән орындау шеберлігінен де анық байқалады.

Оның алғаш ел құлағын елең еткізген әні – “Еңлік–Кебек” спектакіліндегі Еңліктің ел-

жұртымен, туған жерімен қоштасу әні. “Күләш Ендікті” “Қоштасу” әнін айтқанда, көзге еріксіз жас алатынбыз”, - дейді Латиф Хамиди (“Қазақ әдебиеті”, 24.11.72). Айманның да, Шұғаның да әнін алғаш шырқаған – Күләш. Алайда “Айман–Шолпанда”, “Шұғада” қандай әндер айтылғанын қазіргі көзі тірілер біле бермейді, біз ғой мүлде білмейміз, өйткені бұл екі операның клавиірлері еренсіз өмірде жоғалып кетіпті.

Күләш десек, құлағымызға Жібектің сызылған “Гәккуі” келетіні сөзсіз. Бұл әнді Брусиловскийге аман-есен жеткізген Иса Байзақов болыпты, ал авторы Үкілі Ыбырайдың, саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болғандықтан, ол кезде аты айтыла бермеген.

1936-жылғы онкүндікте мәскеуліктер Күләштің “Гәккуіне” әбден тәнті болады. “Тыңдаушыларға әсіресе қатты ұнаған “Гәкку” әні болды... Күләш орындаған “Гәкку” жанданып, құлпырып кетеді емес пе? Сол жолғы Күләш үні күні бүгінге дейін құлағымнан кетпейді”, - дейді Құрманбек Жандарбеков. Ол әнге керемет таңданысын орыс атақтылары Барсова да, Нежданова да айтқан. Бірақ Құрманбек ағамыздың сағынышты бағасы бүкіл қазақтың аңсаған көңілін білдіретіндей.

Қазақ атмосферасына вальс деген айрықша күдіреттің ғажайып үлгісі болған Л.Хамидидің “Қазақ вальсін” Күләш әнұранымыздай шырқап, маңдайымызға елтаңбамыздай шегелеп кетті. Ұрпақтан ұрпаққа әлі мақтаныш боп келеді сол ән.

Манарбек Ержановтың “Қуанамын” деген әнін қандай қуанышты, ерке назды дауыспен шырқаушы еді! “Жас келін”, “Шилі өзен”, “Илигай” (халық әндері), “Қос қарлығаш” (Брусиловский), “Бұлбұл” (Хамиди), “Майра” (Шамсутдинова) әндерін айрықша шабытпен шырқайтын Күләшті халқы қалай мақтан түтушы еді?! Л.Хамидидің күні бүгінге дейін жүрегімізді жаулап келе жатқан керемет әні

“Бұлбұл” Күләштің өтінішімен өмірге келген екен. “Қазір кең тарап кеткен “Бұлбұл” әні осылайша Күләштің ой салуы нәтижесінде дүниеге келіп еді”, - деп мойындайды Латекең.

“Күләш “Гәккүдің” қайырмасын өзінше құбылтып: “Аһх-хаһа, аһх-ха-һа-һа” деген стаккатоны қосып жіберді. Евгений Григорьевич: “О-һо, мынауың жақсы, әнге жақсы үйлеседі!”, - деп шап ете қалды да, дереу блокнотына жазып ала қойды. Сөйткен “Гәккү” еді ғой бұл “Гәккү”, - дейді Қанабек. “В “Гаккү” Куляш Байсеитова исполняла свою несколько отличную от подлинника концовку”, - дейді Нагулина (“Наша Куляш”, 39-бет).

Қазақ әртістерінің ішінде алғаш орыс тілінде ән айтудың да бастаушысы Күләш болыпты. 1934-жылы Шопеннің “Желание” деген әнін айтыпты. Сол кез үшін оның өзі үлкен жаңалық саналыпты.

“К сожалению, тех, кто слушал живое звучание голоса Куляш Байсеитовой многие записи мало удовлетворяют... Во всяком случае, часть тембровых достоинств голоса Куляш Байсеитовой при звукозаписи пропадала”, - дейді Нагулина (86-бет). “Амал не, осы күнгі грампластинкалардағы Күләштің даусы өз даусына ұқсайтын да секілді, ұқсамайтын да секілді. Оның дауыс тембіріндегі кейбір ерекшеліктерді одан ести алмай-ақ қойдым... Нашар жазылған ба немесе ондай дауыс жазылмай ма, білмеймін”, - деп өкінеді Қанабек те.

Дегенмен Күләш дауысын тәуір дәрежеде жазып алып қалған – мәскеуліктер: “Қыз Жібектен” қалған бір үзінді – Төлегеннің үй сыртынан әндетіп келетін тұсы. Бұдан басқа да Күләш жайында екі филім бар дегенді айтады Нагулина. Біріншісі 1936-жылғы онкүндікке арналған киножурналда “Қыз Жібек” түсіріліпті. Екіншісін “Біздің Күләш” деген атпен “Қазақфилім” 1969-жылы түсіріпті.

Күләштің опера әншісі ретіндегі құдіретін бұл филімдер дәл көрсете алмаса да, бәлкім, елестете алар деп ойлаймын.

Өнері мәңгі болғанмен, өнерпаздың өзі ажалдан құтылмайды: Күләш 1957-жылы алтыншы маусымда Мәскеуде көз жұмды. Сол жылы оның ең соңғы ойнаған рөлі Қыз Жібек болыпты.

“Күләш шыға келгенде, сахнаны жалғыз толтырып жіберуші еді”, - деп сағынады Ғабең.

“Күләштан айрылғанда, мен нағыз тұлдыр жетім қалғандай болдым... Қанаш зайыбы Күләштан айрылды, мен досым, ақылшы кеңесшім Күләштан айрылдым... Өнер маңындағы кейбір кісілер өзін мақтағысы келіп, өзгелердің алдына өзін салғысы келіп отырады... Күләш алдына жан түспеуі керек. Уақыт өткен сайын Күләштің қадірі қазақ үшін арта түспек!” - деп ақтарылады Қүрекен.

“Оның ұлылығының өзі де сонда, бір халықтың бір мәдениетін нешеме жыл асқар биікке көтере алып жүргендігі... сахна төрінде туған некен-саяқ мәңгі өшпес жұлдыздар қатарында ол заңды түрде тұрды”, - дейді Шара құрдасы.

“Қош, Күләшжан, елің бар,
Ел ішінде гүлің бар.
Гүлді әніңді солдырмас,
Сіңлің, бауырың, інің бар”, -

деген екен кемеңгер қазақтың бірі Қалибек Қуанышбаев Күләш өлгенде.

Иә, артында ел бармыз. Күләштай құдіретті өнерпазды тудырған елміз! Туғанына 90 жыл толып отырған Күләшті талай сағынып, талай-талай өкіне еске алатын елміз.

ӘЙГІЛІ ЖАМАЛ ӘНШІ

Халықтың өнер қазынасын байытушылар да, бұрыннан бар байлығын қадірлеп сақтаушылар да халықтың құрметті адамдары. Ел үшін, ұлт үшін екеуінің қай-қайсысы да бір-бірінен артық-кемі жоқ қымбат. Мәселен, Ақан серіні көрген, әндерін өз аузынан тыңдаған Хамит Тілеубайұлы ақсақал: “...Әннің еркесі де, сұлуы да, бедерлісі де “Үш тоты құс” дер едім. Әттең, орындаушылары жоқ дей, - келіп, —...Менің байқауымша, Ақанның бұл әні ұмытылып қалған. Әлде орындаушыға қиын түскендіктен бе, түр, сипатының басқа әндерге ұқсамайтын ерекшелігінен бе, мақтаулы әншілердің бірде-бірі айтпайды”, - деп өкінеді (“Ақан сері”, 1963, 250-бет).

Осы өкініштің астарына үңіліңізші: Ақанның ең үздік туындысының бірі сақтаушысын таппай жоғалып кетті, демек ол ән өмірге келмегенмен бірдей халде. Алайда бұл әннің нотасы А. Затаевичтің “Қазақ халқының 1000 әні” жинағында жүр (Алматы, 1963, 105-ән), соған қарағанда, “Үш тоты құстың” қайта түрленіп қалуы да ғажап емес. Сол Хамит ағамыз сол естелігінде тағы былай дейді: “Ақан Қазыбектің орындауындағы “Дүние-ай” мен “Қарагерді” жоғары бағалады... Ақанды таң қалдырған осы белгісіз жас әншінің талай ғажап әні өзімен бірге кетті”.

Бұдан шығатын қорытынды біреу ғана: әнді өлтірмейтін — әнші. Айтушысы табылмаған ән — өлген ән. Осы тұрғыдан қарағанда, Жамал Омарова

— қазақтың талай-талай таңдаулы әнін өміршең еткен адам. Оның қазақ өнеріндегі өзіндік бағасы мен рөлін анықтағанда, осы қызметіне айрықша мән берген орынды.

Бір заманда өмір сүрсек те, мен Жамал Омарованы жүзбе-жүз көрген емеспін. Бірақ бала кезімнен оның даусын патефон дейтін құдіретті техника, кейінірек радио арқылы сүйсіне тыңдап, қадірлеп өстім. Ол кісінің даусы музыка тілінде контральтоға жатады. Ожеговтың сөздігінше, ол ән айтудағы әйел даусының ең төменгісі саналады екен. Бұл музыкалық жіктеу біздің қазақы ұғыммен қабыса қоймауы да мүмкін. Өйткені Жамал Омарованың біз тыңдап жүрген даусы әрі зор, әрі екпіні қатты, әрі әуезділігі әсерлі естіледі. Оның көп әншіден керемет артықшылығы — қай әнді айтса да әр сөзін шегелегендей қып ап-анық айтатындығы. Сондықтан оны тыңдағанда, сөзін естімей қалмайыншы деп қыржиып-тыржымай, әннің әуезін ғана сіміріп, кеуденді үнге барынша кеңірек ашып тыңдайсың. Әншінің өзіне тән құдіреті де сонда. Оның ең жылдам айтатын “Гүлденген Қазақстан” әнінің де бір сөзін қағыс естіп қалуың мүмкін емес. Оның даусы елінің мәртебесіне мақтанып, сүйіспеншіліктен шат болып тұрған қазақ баласының қуанышын бейнелеп, әсерлеп, әдемі елестетеді. Қуанышқа бөленген қазақ баласының образын ән мен сөздің үйлесімімен Жамал Омарова осы “Гүлденген Қазақстан” әнінде ғажап патриоттық сезіммен жасайды. Қазақ екеніне өзі де шексіз қуана тұрып айтады, сені де шексіз қуантып тыңдатады.

Қазақ өнерінің бір жарық жұлдызы Шара өзінің “Өмірім менің — өнерім” атты естелік кітабында былай дейді: “... кенет Москваға барасың, сонда өтетін советтік эстрада артистерінің конкурсына қатынасаың деген нұсқау келді. Қазақстаннан

Жамал Омарова екеуміз баратын болдық... Біз Москваға келгенде, соғыс басталып кетті... канқұйлы жауға лағнет айтып кері қайттық” (122-123-беттер).

Бұл естелікке қарағанда, 1941-жылы жалпы Қазақстанның эстрада сахнасында Жамалдан өткен атакты әнші бола қоймаған-ау дейсің. Болса, сөз жоқ, Мәскеуге сол шақырылмас па еді?

Омарованың әншілік өміріндегі айрықша құнды, халық қазынасын сақтаудағы аса бағалы әні — “Қараторғай”. Бұл әнді өнерсүйгіш қауым “Сырдың Қараторғайы” деп те ерекшелейді. Өйтіп ерекшелеудің өзіндік себебі де болса керек. Ақан серінің “Қараторғайы” да қазақтың жалпақ даласына кең жайылған ғой, Үкілі Ыбырайдың да “Қараторғай” атты әні болған деушілер бар, солармен шатастырмас үшін, ел бұл әнді “Сырдың Қараторғайы” деп әрі айрықшалаған, әрі мақтанышпен дәрежелеген. “Қазақ халқының 1000 әнінде” А.Затаевич бұл әннің мәтінін былай берген:

– Құс болсаң, жібектен бау тағар едім,
Күмістен тұғырыңды жабар едім.
Мойныңа сары алтыннан **жыға** тағып,
Қолға алып сылап-сыйпап бағар едім.

Қайырмасы:
Салайын мен әніме Қараторғай,
Қараторғай, халә, иллә,
ле-лей, халә, лиллә лел-ләй-ай!

Болғанда қасың қара, шашың **сүмбіл**,
Албырап екі бетің жанар гүл-гүл.
Бейіштің гүлжазира **зарамында**,
Сайраған тоты құстай сен бір бұлбұл.

Бірер сөздің бөлектеу айтылып жүргендігі болмаса, әннің өлеңі айтулы өзгерістерге күні

бүгінге дейін ұшырай қоймаған деуге болады. Затаевич “Қараторғайдың” тоғыз түрлі нұсқасын жазып алыпты, оның ішінде Ақан мен Ыбырайдың “Қараторғайына” ұқсайтыны бар ма, жоқ па – білмеймін, өйткені нотадан хабарым жоқ. Алайда Затаевич Ақмола мен Семей жақтың “Қараторғайында” өз алдына жеке ән дерлік дербестік бар екенін де ескертеді. Ол жағының қыры мен сырын ашуға қазір қолдары тимей жатқанмен, түбінде бір нота оқитын зерттеуші айта жатар деп сенем.

Менің жорамалдауымша, “Сырдың Қараторғайының” өмірге келгеніне жүз жылдың сорабы болып қалған секілді. Осы ұзақ жасап келе жатқан әннің белгілі иесі, яғни авторы бар екенін бүгінге дейін беріктеп айта алмай келе жатқанымыз, сөз жоқ, үлкен ғылыми кемшілік.

“Қазақ халқының 1000 әні” жинағын А.Затаевич алғаш 1925-жылы Мәскеуден басып шығарды, ал ән жинауды 1920-жылдан бастаған. Осы кітабының “Ескертпесінде” ол “Қараторғай” әніне қатысты былай дейді: “... как мне передавали, в Ташкенте в настоящее время проживает казахская певица и слагательница песен, прозванная как за свою голосистость, так и за малый рост и смуглость “Караторгаем”. Она будто бы провела бурную молодость, была необыкновенно красива и слагала великолепные мелодии, которые, распространившись в народе, сохранили ее прозвище. Возможно поэтому предположить, что вообще первоисточник приводимых мною **красивых мелодий** данного названия следует искать в песенном творчестве **этой выдающейся казахской певицы**, которая, несмотря на свои поблекшие уже данные, как меня уверяли приезжавшие из Ташкента казахи, еще недавно выступала там на

концертах” (470-бет, Мәскеу, 1963-жылғы басылым).

Өзі көзбен көрмеген соң, Затаевич әннің авторлығын кесіп айтпайды, бірақ күдік те келтірмейді, қайта құптауға мейлінше бейім. Алайда әннің әдемі әуезділігіне, ондай әнді шығарған адамның өз қатарынан аса озық, атақты әнші екендігіне сүйсіне көңіл аударады.

1970-жылы 20-наурызда “Лениншіл жас” газетіне әрі ақын, әрі прозашы Айтбай Хангельдиннің “Қараторғай” атты мақаласы шықты. Ондағы мәліметтер бойынша, “Сырдың Қараторғайын” шығарушы әкесі сыртқы пошым-бітіміне қарап “Қараторғай” атап кеткен Шолпан Жанболатқызы деген әнші әйел екен. “Шолпан – бұрынғы Ақмешіт уезіне Торғай уезінен ауысқан “Қызыл жыңғыл” болысына қарасты көшпелі шаруа, қарабала найман Жанболаттың қызы. Шолпанның шешесі Жанқыз – жөлек үстіндегі Айдарқазы қыпшақ Шегірбек деген кісінің жалғыз қызы”, - дейді А. Хангельдин. Әлгі Затаевич айтып отырған атақты әнші әйеліміз, сөйтіп, Шолпан болып шығады.

1982-жылы жазушы Естай Мырзахметовтің әндерді орындаудағы жаңсақтықтар жайындағы мақаласы “Қазақ әдебиетінде” жарық көрді де, оған біраз адам үн қосты. Жазушы Тұрсын Жұртбаев (“Әуен де, сөз де қағыс айтылмасын”, 11.06.82): “Сырдың Қараторғайы” – Шолпанның әні. Ол кісімен жас кезінде Құрманбек Жандарбеков кездескен. Ән үйренген. Ол туралы сақталған деректер де, Құрмаш ағаның естелігінде де бар. Ендеше Шолпанның “Қараторғайы” деп неге айтпасқа? Соңғы кезде бұл ән де басқаларға телініп жүр”, - деп өкіне жазды. Рас, оған бір замандасымыз: “Ондай адамды біз естігеміз жоқ”, - деп, дүңк жауап қайтарды. Меніңше, ондай жауаптың төркіні – “мен

халықтан да көп білем” дегендік. Халық білгеннің бәрін қандай данышпан болса да бір кісі біле бермейді, сондықтан әр білгіштің өзге білгішке құлақ асқаны қажет-ақ.

“Жұлдыз” журналының 1984-жылғы 3-санында Бекнияз Шертаевтың “Қараторғай” әні Шолпандікі екенін, оны кезінде Дәне деген ақын аса шебер орындағанын куәлендіретін мақаласы шықты. Сол жылғы 10-нөмірінде өнерзерттеуші Зейнұр Қоспақовтың да мақаласы шықты. Онда ол: “А. Затаевичтің айтып отырған әншісі дәл осы Шолпан туралы болса керек. Қазақ ССР халық әртісі Жамал Омарова жиі орындайтын “Қараторғай” әні жайындағы кейбір материалдар осылар. Осыларға сүйенсек, әнді шығарған Шолпан Жанболатқызы (1889-1923) көрінеді”, - деп тұжырымдайды. Тоқтамаймын деген кісі, әрине, бұған да тоқтамауы мүмкін. Бірақ қазақ музыкасының ауы мен бауын бүкіл ғұмыр бойы жинақтап өткен академик Ахмет Жұбановқа тоқтамаған адам, сірә, кісі сыйлап өскен ортада кезіге қоймас. Өзінің “Замана бұлбұлдары” атты кітабының кіріспесінде (Алматы, 1963, 17-бет) Ахаң былай депті: “1914-жылы Сыр бойында аты шыққан, кейін өзінің кішкенеелігі, қара торылығы, әнші құстай сайраған өткірлігі арқасында “Қараторғай” атанып кеткен келіншек пластинкаға “Сырдың Қараторғайы” мен “Ахау, Семей” әндерін берген. Ол келіншекті Құрманбек Жандарбеков көрген, ән орындауын есіткен. “Қараторғай” жөнінде А.Затаевич те жазып кетті”.

Осыдан кейін де “Қараторғайдың” Шолпандікі екеніне күмандануға бола ма? Және осындай ғажап әнді қазақ өнерінің кең өрісіне алып шыққан Жамал Омароваға қалайша риза болмассың?!

Қазақ “бір сөздің” артын бір сөз түртеді” дейді. А.Жұбановтың жаңағы “Ахау, Семей” тағы бір тың ойға жетектейді. Кезінде Асқар Сүлейменов осы

әннің бір сөзі “Ахау, Семей” деп, екінші сөзі “Тіл мен көмей” деп тұрғанына түсіне алмай күлген екен. Әрине, әдейі кекетіп күледі ғой. Меніңше, бұл әннің де әлі ашылмаған қыр-сыры баршылық.

А. Хангельдин “Қараторғай” атты деректі повесінде (“Жазушы”, 1970, 67-бет): “... Шолпан шабыттанған үстіне шабыттана түсті. “Қараторғайға” жалғастыра өзінің “Айгөк”, “Ахау, Семей”, “Ах, дариға”, “Маусымжан” әндерін шығарып, ән қазынасын толықтыра берді”.

Ал керек болса! Біз бір әнді алып бере алмай жүрген Шолпанға Айтекең бір топ әнді бере салды. Мұнысы шындыққа жанаса ма, жоқ па? Біз Сегіз серінің өзін сан саққа жүгіртіп, толық мойындай алмай келе жатқан қыңыр халықпыз. Сонда да болса бір қисынға жүгініп көрейік.

Біріншіден, “Қараторғай” мен “Ахау, Семейдің” ойнақы жүрдектігі ұқсас, бір үйдің балаларындай. Екіншіден, Ташкент қаласында Романовтардың таққа отыруының 300 жылдығына орай өткізілген сейілде Шолпан бас бәйгеге ие болады. Оны ұйымдастырушылардың бірі әйгілі Әбубәкір Диваев екен. Шолпанның әнін граммофон табағына жазу, міне, осы сейілден соң барып жүзеге асқан болса керек. Ахаң екі ән жазылған десе, Хангельдин: “Қараторғай”, “Айгөк”, “Ах, дариға”, “Ахау, Семей” және басқа әндерін жаздырады”, - дейді (“Лениншіл жас”, 20.03.70). Әйткенмен “Ахау, Семейдің” жазылғандығын ол да жоққа шығармайды. Осы шындықтардың қисынына илансақ, онда Шолпан өзгенің әнін емес, тек өз әндерін ғана жаздыруы керек қой деген ой басқа ойлардан басым тұрады, сондықтан “Ахау, Семей” де Шолпанның әні дегенге сенуге болады.

Осы сенім алайда басқа бір сенімсіздіктің түбін түрткілейді. Шолпан болса Ақмешіт, Түркістан, Шиелі, Ташкент жақта өмір сүріп, 1923-жылы

Шымкент қаласында қайтыс болған адам. Семейде бомаған да, ол жаққа бармаған да. Ендеше оның “Ахау, Семей” деп ән шығаруы қалай? Осының өзі-ақ бұл әннің оныкі еместігіне дәлел болмай ма? Бір қарағанда, солай екені солай сияқты. Бірақ сөз мәніне, кейбір жорамалға жол берсек, басқа ойдың да қисыны қылтияды.

“Бірақ Шолпанның пластинкаға ән жаздыруы кейін өзіне қырсық болып тиеді”, - дейді А. Хангельдин аталмыш мақаласында. Діндар атасы ақыры баласына Шолпанды талақ қылдырады. Бұған қарағанда, Шолпанның “Қараторғайы” сияқты “Ахау, Семей” де негізінен халық арасына граммафондағы жазу арқылы тараған. Ал граммафондағы үн үнемі анық, айқын естіле бермесі хақ. Бертіндегі патефон табақтары да ондай ақадан ада емес-тін. Үнді, сөзді анық ажырата алмаған жұрт Шолпанның “Ах! Ау!- демей” немесе “Ахау!- демей” дегенін “Ахау, Семей” деп қағыс естіп, қате жайып жіберген болу керек. Әйтпесе, бұл өлең:

– Ах! Ау!- демей
Тіл мен көмей,
Басылмас жанған жүрек
Сәулем келмей, —

болып айтылуы қисынды сияқты. Оны хабарлы сөйлемге айналдырсақ, “Сәулем келіп, “Ах! Ау!”- демей (дегізбей), жанған жүрек басылмайды”, - деген түп-түсінікті сөйлем болып шықпай ма?

Сонан соң Шолпан шығарған әндердің аттарында одағай сөздердің жиі кездесуі де белгілі бір мінездік, психологиялық заңдылық тәрізді: “Айгөк”, “Ах, дариға”, “Ах! Ау!- демей”.

Бәрін айт та, бірін айт, Шолпан әндерін Жамал Омарованың үйреніп айтуында да жер ыңғайына

орайлылық бар: ол 1912-жылы 8-наурызда Өзбекстанның Ташкент облысындағы Қауыншы деген қазақ аулында туған. Шолпанның әні Ташкентте граммофонға жазылып, сол төңіректе көп айтылса, ол әндерді сол төңіректе туған Жамал әнші айтпағанда, кім көп айтады?! Шолпанның:

“Ақ үйден бір қыз шықты қасын керген,
Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген” , —

деп басталатын “Айгөгің” де “Ай, көк, ай, апырмай!” — деп шырқайтын. “Қолымда бір камшым бар бүлдіргелі”, - деп “Ах, дариганы” да былқылдататын. Оның осы репертуарына қарап отырып-ақ Ұлбике, Сара сияқты Шолпанның да қазақтың ғажап өнерлі қызы болғанына бас иесің. Сол сүйсінудің бір себепкері әнші Жамал екені де есте тұрады.

“Биыл” әнінің де бағын ашқан — Жамал Омарова. Ол ән бүгінге дейін белгілі әншілеріміздің репертуарынан түспей келеді.

Әнші-сазгер, ақын Әсет Найманбаевтың “Инжумаржанын” “Әсеттің әні” деген атпен бертінге дейін орындап келген бірден-бір әншілер Жамал Омарова мен Әнуарбек Үмбетбаев қана болатын.

Әнші Майраның “Бақша” атты биік дауысты талап ететін әнін де бірден-бір орындаушы Омарова еді.

Сауытбек Ұсаұлының (1868-1931) “Ақбөпе” атты зар-мұң әнін де Жамал Омарова жеріне жеткізе, жүрек қабыңды жарып жібере жаздап айтатын. Бұл әнді А. Затаевич “1000 әнінде” жариялаған, Сауытбектікі екенін де айтқан. З.Қоспақов осы ән туралы: “Бұл қазақтың... әнші өртістері Құрманбек Жандарбеков, Жамал Омарова және басқалардың орындауында жиі естіледі... 1922-жылы ән авторы

Сауытбекті Құрманбек көріп әңгімелескен, әнді сол кезде үйренген екен”, – дейді (“Жұлдыз”, №10, 1984). Құрекеннің орындауында күйтабаққа жазылмаған болар, ал Омарованың орындауында “Ақбөпе” әні сирек те болса радиодан естіліп қалады. Бұл ән де қазақтың сирек асылының бірі. Өлеңі оқиғалы, ұзақ, өзінше жеке жыр, ал оның әнмен айтылып жүргені екі-үш шумағы ғана. Сол екі-үш шумақтың өзін екі-үш түрлендіріп айтып жүргеніміз де шындық. Ал әнді 60-65-жастардағы Сауытбектің өз аузынан жазып алған Құрманбек Жандарбековтің мәтіні былай:

Бес кепені жағалай бес үй отыр,
Ақбөпем жоқ ішінде, несіне отыр?
Мал бергені барады алып кетіп,
Кедейшілік қолымды кесіп отыр.

Тындап жүрген баяғы жырың көне,
Айтып жүрген, сәулем-ау, шының көне?
Ақбөпенің дертіне шыдай алмай,
Сауытбектің ит болып ұлығаны.

Ақау, Ақбөпе-ау, уа-уа-уа.

Бес кепенің ауылым сыртында отыр,
Үйреніскен баяғы жұртында отыр.
Мал бергені барады алып кетіп,
Кедейшілік діңкемді құртып отыр.

Шыдамайды көңілім қыз дегенде,
Табылмайды қыз шіркін іздегенде.
Қыз есіме түскенде тұра алмаймын,
Қыздан күдер қартайып үзбегенде.

Ау-ау! Ақбөпе-ау, қарағым.

“Ағатай, мен сөзін жазып алайын”, - деп, қалам-қағазымды алдым”, – деп, Құрманбек Жандарбеков өз естелігінде бұл жайды ап-айқын-ақ жазыпты (“Көргендерім мен көңілдегілерім”, “Өнер”, 1989, 30-бет).

“Ақбөпені” құдай сәтін беріп Сауытбектің өзінен алып қалған Қүрекең болса, оны жалпы қазаққа насихаттап кеткен – Жамал Омарова.

Қазақ өндерінің осындай-осындай інжу-маржандарын сақтап, насихаттап өткені үшін де біз Жамал Омароваға шексіз риза болуға тиіспіз.

Жамал Омарованы әншілікке әкеліп жүрген – туа біткен табиғи таланты. Ол өнердегі жолын көркемөнерпаздар үйірмесінен бастайды. Он үш жасында 1925-жылы Ташкентте өткен Орта Азия республикаларының балалар олимпиадасына қатысып, халық әндерін орындаудағы айрықша шеберлігімен көзге түседі. М. Майшекиннің жазғандарына қарағанда, олимпиадада ол “Ах, дариға”, “Бипыл” әндерін айтыпты. Содан екі жыл сондағы қазақ, қырғыз, өзбек жастарына арналған педагогикалық училищеде оқиды. Сол кездерде Құрманбек Жандарбековтің ағалық қамқорлығын көріп, әншілік өнерін со кісінің ықпалымен шындай түседі. Шолпанның, Сауытбектің әндерін Құрманбектің де, Жамалдың да айтуында осындай ұстаз бен шәкірттің бір-бірін байыту сыры да бар. Ғани Мұратбаевты еске алуға арналған бір кеште 101 ән айтпақ болған Қүрекеңнің репертуарына таң қалғаннан өзге не дерсің?! Сол репертуардан Жамал Омарова да сусындаған.

1934-жылы Қазақтың музыкалы-драмалы театры ашылғанда, Ж. Омарова соған шақырылып, үш жыл аралығында “Шұғадағы” Мақпал, “Қыз Жібектегі” Қамқа, “Айман-Шолпандағы” Айман рөлдерін өз дәрежесінде өте сәтті орындапты. Алайда актерлығынан әншілігі басым Омарова 1937-жылдан

бастап өмірінің соңына дейін (15.09.76) Қазақ филармониясының әншісі қызметін атқарады. Ол орындаған “Ағажан Ләтипа”, “Екі жирен”, “Абай гүлім-ай” сияқты халық әндері, Брусиловскийдің “Алтай” (өлеңі Н. Баймұхамедовтікі), Садық Кәрімбаевтың “Жетісу”, “Оңтүстікте ақ мақта” (Өлеңдері Н. Әлімқұловтікі) әндері айрықша әуезділігімен адамды баурап алушы еді.

Ж.Омарова концерттік сапармен Совет Одағының бар түкпірін аралады десе де болғандай. 1936-жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің онкүндігінде үлкен театрдың сахнасында қазақтың бірнеше халық әнін орындап, өте жоғары баға алады. 1942-жылы Солтүстік Батыс майданы жауынгерлерінің арасына барып ән салып қайтады. Ол аралаған жерлерді санап отырғандай: Ленинград, Киев, Саратов, Минск, Челябин, Омбы, Новосібір, Краснояр, Хабаровск, Сахалин, Куйбышев Үпі, Ташкент, тағы-тағылар. Қырғыздың (“Ой, тобо”, “Перизат-ой”), өзбектің (“Қайларға барай”), татардың (“Гүлшара”), башқұрттың (“Байық”), орыстың (“Ой, айнала кең дала”), украинның (“Ұйқым келмейді”), белорустың (“Ой, ты казаче”) әндерін ол мәнерлеп-ақ айтатын.

Осындай ерен еңбегі үшін халқы мен мемлекеті де әнші қызын аялап ардақтай білді. “Жамалдай елдің сүйіктісі болсын”, - деп қаншама қазақ өз қызын Жамал атағанын есептеген ешкім бола қойған жоқ шығар, бірақ ондай есімді замандастарымыздың ауыл сайын бар екенін көзіміз көрді. Елдің ілтипатын аңғартатын ең үлкен сыйапат та сол болар, сірә. 1942-жылы оған Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, 1943-жылы Халық әртісі атақтары беріледі, Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен сыйапатталады.

Жамал Омарованың отбасы жағдайын, жеке өмірін жұртшылық біле бермейді, оның әншілігін, әнші болғанда да халықтың айрықша тарихы, қадірі мен бағасы бар әндерін орындайтын әнші екенін біледі. Көп әннің ғұмырын ұзартқан, көп әннің халыққа бірден-бір жеткізушісі әрі насихаттаушысы болған әнші. Туғанына 90 жыл толып отырған талантты әншісін қазақ халқы әлі де сүйсініп, сағынып тыңдайды. Оны өз тұрғыластары мен әріптестерінің аса қадірлегенін әр жылдарда ол туралы жазылған мақалалар айғақтайды. Соның ішінде елу жасқа толғанына орай әрі сіңлісіндей, әрі сырлас досындай Қазақстанның халық әртісі Рақия Ырысбайқызы Қойшыбаеваның оған арнаған өлеңі еріксіз ықылас аудартады:

– Әнші апа, аяулы апа, ардақты апа,
Ел саған мол құрметін арнапты, апа.
Тыңдапты өзінді ұйып қыр гүлдері,
Бұлбұлдар сендей әнге салмапты, апа.

Шырқай бер әсем әнді төгілдіріп,
Қанатын ақ бұлыттың сөгілдіріп.
Елуді елең қылмай ерке дауысың,
Себе берсін жұртыңа көңілділік!

Бұл өлең 1962-жылы 23-наурызда “Қазақ әдебиеті” газетінде басылыпты. Одан бері де 40 жыл өтіпті.

Жамал замандасы жайында қазақтың әйгілі Шарасы аталмыш естелігінде былай дейді:

“Жамалмен жасымыз қатар, оның бес-алты айлық үлкендігі бар, оның үстіне құда-құдандалы жақындығымыз да бар еді. Яғни менің қолымда өскен Құрманбектің бұрынғы зайыбы Зуһра Атабаеваның қызы Раушанды Жәмкеңнің інісі алып отыр”.

Мұндай жақындығы бар адам Жамалды бір кісідей білсе керек. Оның айтқанына иланбайтындай себебіміз жоқ. Ары қарай оқып көрелік:

“Жамал тік мінез, бетің бар, жүзің бар демей, көңілдегісін айтып салатын кісі ғой. Әншілігі нашарлау бір адамға: “Әй, аузыңды қисайтып сен де консерваторияға ұстаз болыпсың, сенен оқыған шәкірт не оңады?!” - деген сөзі ойға оралады”.

“Жамал жаратылысынан етжеңді кісі, келе-келе қатты толып кетті. Концертке шығарда ішін тартып байлайды. Киіндіретін әйел де қолы қуатты, қажырлы болса керек, ешкімге жалындармай-ақ Жәмкенді қатты буып сыптай қып шығаратын көрінеді”.

Өзін тірідей не теледидар арқылы көрмеген адамдар осы естеліктен ептеп те болса ол кісінің бітім-болмысын елестете алады.

“Өзім бұл кісіні сыйлаймын, ал ән салғанда тіптен жақсы көріп кетем. Қараторғайдай күйқылжытқанда, қай әннің де жұлдызын жандыратын күмбір көмей, бал әуезді жан еді ғой” (122-бет).

Осы естелігінде Құрманбек пен Жамалды еске ала келіп Шара: “Қазақ өнерінің бір жұлдыз, бір айы да батты”, - дейді өкінішті сағынышпен (147-бет). Тағы бір тұста бұл өкінішін тіпті тереңдете түседі: “Бір жолы телевидение жігіттері маған телефон соғып, Жамал Омарова турасында сөйлеп беруімді өтінді. Кино арқылы әлде телеэкран арқылы сақталған дүниелері бар ма екен деп сұрастырсам, ауыз толтыра айтатындай ешнәрсе болмай шықты. Жақсы, мен сандуғаш үнді Жамалды қанша мақтайын, бірақ Жамалды тірі кезінде көрмеген, сахнада күйқылжыта ән салғанын естімеген кейінгі жұртқа қалай әсірелей жеткізем? Еріксіз осындайда “Мың рет естігеннен бір рет

көрген артық” дейтін Шығыс халқының мақалын еске аласың. Кезінде Әміренің, Исаның ғажап дауыстарын пленкаға жазып алмадық-ау дегенде аһ ұрамыз. Ал бүгінде неше түрлі электрлі жазу аспап-құралдың заманында өкінгенімізге не жорық?” (175-бет).

“Рас-ау!” - дейсің сен де Шарамен қосыла өкініп. Арнайы бір деректі филім түсіретіндей енбегі бар еді ғой Жамалдың. Халықтың дәстүрлі әндерін ондай ыждаһатпен, мейір-махаббатпен айтатын әншілер қаншама қаулап туып жатса да, біз де өзге қатарлы дербес ұлт екендігімізді өзгелерге танытамыз деп талпынған 30-40-жылдардың өнерлі ұл-қыздары біз әлі баға-құнын біле алмай келе жатқан алыптар әрі даралар еді ғой: Күләш, Құрманбек, Қалибек, Серке, Жамал, Рәбиға, Манарбек, Әміре, Жүсіпбек, Ғарифолла, Елубай, тағы-тағылар; әрбірінің жүректі жаулаған өнері тұрмақ әзілдеп қана айтқан сөздері жерде қалмауы керек еді ғой. Амал не!? Өкінгенмен ештеңе өзгермейді, біз сондаймыз ғой, сондай боп қала беретін де түріміз бар.

Әнші Жамал 1976-жылы дүниеден озды. Одан бері де 26 жылдың жүзі болыпты. Елін, жерін, ұлтын әнімен әлдилеген талантты әншісін қазақ халқы әлі де сүйсініп, сағынып тыңдайды. Әншіні есте қалдыру үшін Алматыдағы не мектепке, не көшеге оның аты берілген бе, жоқ па, оны да білмеймін. Әйтеуір, естіген емеспін. Әнді де, әншіні де жоқтамайтын болып барамыз ба, кім біледі?! Жамал Омарова шырқаған Шолпанның “Қараторғайы”, Сауытбектің “Ақбөпесі”, Әсеттің “Інжу-маржаны” халықтың “Биылы” мен “Абай гүлім-айы” қазақ өнерінің шаңырағын әлі күнге аспандатып келеді. Тірі болса, ол биыл 90-ға келер еді. Құдайға шүкір, өнері әлі тірі, әлі өнегелі. Биыл оның әнін жиі еститін шығармыз.

МҰҚАН ТУДЫРҒАН ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШ

“Біржан–Сара” операсы қазақ ұлтына мақтаныш екенін қай дауқес те мойындар. Оны дүниеге әкелген Мұқан Төлебаев та қазақ музыкасының дара мақтанышы.

Қазақ музыкасында еріксіз бас шайқататын бір құбылыс бар.

Қазақ бұрын білімсіздеу, сауатсыздау, соған орай мәдениетсіздеу болған көрінеді. Сол жағдай кеңес өкіметі орнағаннан кейін де, Голощекиннің саясаты үштен екімізді аштықтан қырып салғаннан кейін де жалғаса келіп, тың және тыңайған жерді игерген соң ғана сапалы өзгеріске түскен тәрізді. Әйтеуір, коммунистік партияның кемеңгерлері қазақтың өзін соған сендірді.

Ал бірақ қазақтың Сегіз Серісі, Біржаны мен Ақаны, Құрманғазысы мен Тәттімбеті, Дәулеткерейі мен Қазанғабы, Абайы мен Жамбылы, Балуан Шолағы мен Кенені, Әлиханы мен Халелі, Байтұрсыновы мен Дулатовы, Әуезові мен Ғабиті, Сарасы мен Күләші, Құрманбегі мен Қанабегі, тағы басқа айта берсең таусылмайтын талантты ұлдары мен қыздары сол қазақтың өлі де толық “советтенбей”, мәдениеттенбей тұрған кезінде туғандар. Мұқан да солардың бірі.

Кеңес өкіметі мен коммунистік партия елу жылда елді жаңалаған соң, қазақтың қаншама ұл-қыздары музыкалық жоғары білім алды, әлемдік конкурстардан алдына жан салмай қаншасы озып

келіп жатты, қаншама керемет-керемет әншілер, ғажап-ғажап музыканттар туды. Олар бірақ қазақы музыканы насихаттай алмады, қазақтың ұлттық өнерін өрістетіп әкетпеді. Әйткенмен қазақтың өнерпазы, қазақтың баласы деп, оларды басымызға көтеріп-ақ бақтық. Біздің күй шығару, күй тарту сияқты әлем халықтарының ешбіріне қонбаған ғажап өнеріміз бола тұра біз әлем алдында өзімізді бала сезінетіндейміз. Өйткені біз – ұлттық өзегімізді, өзгеге еліктейміз деп жүріп, үзіп ала жаздаған халықпыз. Соның нәтижесі көз алдымызда: “Абай” мен “Біржан-Сара” операсынан кейін – жарты ғасырдан астам уақыт – ұлт тілінде бірде-бір тұшымды, сахнадан тұрақты орын тепкен опера жазылған жоқ. Соған қарап, өсу, мәдениеттену деген мұндай болмайды-ау деген күмәнға батасың.

Мен музыкант та, музыка зерттеушісі де емеспін, бірер жыл Қанабек ағаның қасында болып, кітабын жазыса жүріп білген-түйгендерім бойынша пайымдасам, біздің ұлттық өнеріміздің адам нанғысыз өнімді кезі Жүргенов дәуірі екен. “Жүргенов дәуірі” дегенді мен әдейі, ойлана мән беріп айтып отырмын. Ұлты үшін өйтіп қызмет жасаған үлгі тұтарларымыз баршылық-ау, амал не, мұрагерлерге тапшымыз. Жүргеновтің жұмыс істеу, ұйымдастыру әдісінен бір мысал келтіре кетейін.

– Бейімбет бітіріпті, жақында “Шұғаны” қоясыңдар. Мә, мынаны Ғабитке апарып бер, бір айдың ішінде “Қыз Жібектің” либреттосын бітіріп берсін, – деді де, қолыма записка ұстатты. – Егер қажет десе, жазуына сен де көмектес.

Мұны музыкалық театрдың деректірі Қанабек Байсейітовке айтып тұрған – халық ағарту комиссары Темірбек Жүргенов. Бұл – 1933-жылдың оқиғасы, бұдан 70 жыл бұрынғы сөз. Қазір бір айда емес, бір жылда либретто жазып беретін де, “Жаз!” – дейтін де кімің бар?

Мына мәліметке қараңызшы:

1934-жылы ғана үш опера қойылыпты: “Айман-Шолпан” (Коцык жазған), “Шұға” және “Қыз Жібек”. Келесі 2004-жылы “Қыз Жібектің” қойылғанына, сахнадан түспей келе жатқанына 70 жыл болады. Ондай бақытты бағалай білсек те бақытты болар едік-ау! 1935-жылы “Жалбыр”, 1937-жылы “Ер Тарғын”, 1938-жылы жаңа “Айман-Шолпан” (Брусилковский жазған), 1939-жылы “Тұтқын қыз” бен “Терең көл”, 1940-жылы “Алтын астық”, “Бекет” опералары және тұңғыш қазақ балеті “Қалқаман-Мамыр” қойылыпты. “Қалқаман-Мамырды”, яғни балет дегенді бірінші рет көріп отырған қазақ: “Ай, айналайын өкімет-ай, сөзбен айтатын театрды да жасады, өнмен айтатын театрды да жасады, енді мылқаулардың театрын да жасапты ғой!” – депті. Бұл – халықтың ризашылығы.

Халықты қан қақсатқан қаһарлы соғыс жылдарында да бұл қарқын бөсеңдемеіті.

1941-жылы күзде “Наргиз”, 1942-жылы “Гвардия, алға!”, 1943-жылы “Даиси” (қазақша), 1944-жылы “Абай”, “Чио-Чио-Сан” (қазақша), 1945-жылы “Амангелді” қойылыпты. 1946-жылы “Евгений Онегин” (қазақша), “Жамбыл мен Айкүміс” және “Біржан-Сара” қойылыпты.

12 жылда (1934 пен 1946-жыл аралығында) 21 спектакіл. Мұның сыртында, Қанабек Байсейітовтің айтуынша, соғыс жылдарында “Демон” мен “Кармен” де қазақша қойылған болу керек: “Евгений Онегин”, “Демон”, “Чио-Чио-Сан”, “Кармен”, “Даиси” тәрізді туындылар алғаш қазақша сахнаға осы жылдарда шықты”, – депті Қанекен (“Құштар көңіл”, 1977, 156-бет). Мен бірақ “Демон” мен “Карменнің” дәлелін таба алмадым.

Бұл туындылар дүниеге келген кездерде композиторларда, режиссер мен актерларда ұлттық

мінез-құлық, салт-дәстүр, әуез, қимыл, киіну – бүкіл ұлттық мәдениеттің бәрі бар еді де, мамандық білім, еуропалық мәдениет жоқ еді. Қазір білім де, мәдениет те – бәрі-бәрі бар, тек ұлттық ерекшелік жоқ немесе аз. Меніңше, қазіргі тоқыраудың ең басты себебі – осы.

Қазір ұлттық операның бар-жоғына қиналып жүрген де, жоқтап жүрген де жан адам бар екенін иә жоқ екенін ешкім білмейді. Құдайға шүкір, 70 жыл көзімізді де, көңілімізді де қуантып келе жатқан “Қыз Жібегіміз”, 66 жыл сахнадан түспеген “Ер Тарғынымыз”, 59 жыл жасаған “Абайымыз”, 57 жыл сүйсінген “Біржан-Сарамыз” бар. Ең жасының өзі – осы алпысқа қарай аяқ басқан қарт “Біржан-Сара”. Сөз жоқ, жаның сүйсінетін мақтаныш! Алайда он жыл, бес жыл, үш жыл бойы көрерменін қуантқан бірде-бір жаңа операның дүниеге келмеуі үрейлендіреді де. 57 жылдан бері бірде-бір жаңа опера сахнамызда тұрақтай алмапты. Ол ғасыр мен бұл ғасырда да мәдени жыртығымызды жамап келе жатқан Жүргенов дәуірінде дүниеге келген “Қыз Жібек” пен “Ер Тарғын” да, содан кейін өз ұлттық композиторларымыз туғызған “Абай” мен “Біржан-Сара” ғана.

Біржан мен Сара – қазақ үшін өнерлі ұл мен өнерпаз қыздың ұлттық үлгісі, мақтанышы. Ол тақырыпқа Мұқан да сондықтан барған.

Театр атты жаңалықтың қазақ жеріндегі қарлығашы да осы Біржан мен Сараға қатысты. Оған куә – “Айқап” журналының 1913-жылғы 1-нөміріндегі “Қазақша бастапқы ойын” атты мақала. Онда былай делінген:

“17-февральда Семейде приказчик клубында қазақша әдебиет кеші болды... Оның артынан қазір ойналатын Біржан мен Сара турасында жұртқа мағлұмат берілді... Залдың бір жағына

қолында үкілі домбырасы, торғын шапанды, ақ қамзолды, орта бойлы, дөңгелек кішкене сақалды, кәмшат бөріктің шоқпардай үкісін былғандатып, айқайды сала ән шырқап Біржан шықты. Біржанның салдарша киінген бес жолдасы да жанында тұрды.

– Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.
Жұлықпай сөзі өктемге жүрген шығар, –
Үйінде Тұрысбектің өлер жері, –

деп шырқаған Біржан даусын естіп, қасында жеті-сегіз қызы бар, бұрала басып сылқылдай Сара шықты, үстінде оқалы қызыл қамзол, атлас шапанын иығына жамылып, бүтін дүниені бір тырнағына теңгермей келе жатқан сері қыз Сара екенін көрген жерде-ақ әркім білді. Екі нөкер сахнаның екі жағына отырып, кезекпе-кезек ән шырқап айтысты... Сараның рөлін алған Тұрар ханым Қозыбағарова да рөлдерін ойлағаннан артық шығарды”.

Соңу Семей жерінде Біржан мен Сараның айтысын сахнаға шығару, сөз жоқ, ол айтыстың ел ішіне кең тарағанын көрсетеді. Ел ішіне кең тараған ол айтысты Мұқан да, сөз жоқ, бала күнінен біліп, сүйсініп өсті. Ақын Сара жайындағы аңыздар мен ақиқаттарды көбірек естіп, көбірек ынтығуы, Жетісуда туып-өскендіктен, занды да.

“Біржан-Сара” операсы Мұқан Төлебаевтың талантты екенін ғана емес, қазақтың да талантты халық екендігін бұрынғы кеңес өкіметінің зиялыларына тамаша дәлелдеді. “Қыз Жібек” пен “Ер Тарғынды” Брусиловский халық композиторлары мен халық әндерінің негізінде жазып шыққаны жұртқа аян, ал 1944-жылы Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди “Абай” операсын – тұңғыш ұлт мамандарының туындысын – дүниеге

әкелді. Бұл қазақ өнерінің ғажап өркендеу кезеңі еді.

Алғашқы қазақ операларының жазылу, қойылу кездерінің басы-қасында болған Қанабек Байсейітов былай дейді:

“Әлі опера дайын емес, бірақ ойнайтын әртістер дайынбыз, мен Төлеген екенімді, Күләш Жібек болатынын, Құрманбек Бекежанды ойнайтындығын біліп алғамыз, сондықтан ән таңдағанда, өз даусымызға ылайық жағын да ұмытпаймыз.

Брусилловский Әміреден төрт-бес ән алды, тіпті, Затаевичтің жинағында бар әндердің де бір-екеуінің айтылуы өзгешелеу екен деп, қайта жазды. “Қос қараған,” “Аққұм”, “Көк көбелек”, “Жиырма бес”, тағы бірер ән сол Әміренің айтуынан алынған. Ғарифолладан “Аязбидің әні”, “Дүние-ай”, “Қара қаншық” алынды. “Гәккүді” Иса айтып берді. “Көк жеңдет”, “Сармойын”, “Секіртпе”, “Алқаракөк” секілді әндерді Құрманбек жаздырды. Менен “Орақ батырдың шешесінің әні” дейтін қайғылы әнді жазып алды. Жалпы, музыка таңдау жұмысы жарты айға созылды: (“Құштар көңіл”, 1977, 100-бет).

Мінеки, “Қыз Жібек” операсын қазақ өнерпаздары өстіп жабыла жазып шыққан секілді. Енді “Ер Тарғынның” қалай жазылғанына қараңыз:

“Бір айдың ішінде бітір”, – дегенге (тағы да Жүргенов – Б.Н.) Брусилловский көнбеді, оның мүмкін еместігін дәлелдеді, екі ай уақыт сұрады. Сұрағанына келістік... Оған халық музыкасын таңдауға көмектесу үшін, күні-түні қасында Құрманбек болды. Қажет-ау деген сексен ән таңдап алынды. “Ер Тарғынның” музыкалық құрылысына Құрекең композитордан кем қызмет етпеді” (136-бет).

“Біржан-Сараны” жазу барысында Мұқан да бұл әдістен бас тартпаған. Өйткені оның қаншалық жемісті болатынын көзімен көріп, құлағымен естіген. Және ол кездің өнерпаздары қазіргідей “Бөленшекең бөлен деген керемет нәрсе бітіріпті”, “Біздің Түгеншекең түген деген ғажап дүние жазды” деген мадақтауға ие болуды мақсат етпеген, оны ойлауға мұршасы да болмаған, тек халыққа қызмет жасайын, сол үшін барымды аямайын деп қана өмір кешкен. Біздің осы еңбегіміз Брусиловскийге ғана абырой болады, біздің атымыз да, айтып берген әніміз де елге белгісіз боп қалады деп қызғанбаған, халқымның өнерін дамытуға қосқан үлесім деп түсінген, қысқасы, биік мүдденің перзенттері болған.

Осындай ғажап ортадан ғажап Мұқанның тууы қандай ғажап! “Біржан-Сараны” жазғанға дейін Мұқан өзі ұстаз санаған Брусиловскиймен бірігіп “Амангелді” операсын жазысқан-ды. Ол операны 1945-жылы Қанабек Байсейітов қойған. Мұқан үшін өзі жазысқан бұл опера ғана емес, қазақ сахнасында қойылған, қойылып жатқан күллі опера үлгі-тәжірибе еді. “Біржан-Сара” солардың бәрін сүзгіден өткізген мидың жемісі-тін. “Бұл опера да бірден осы күнгі біздер көріп, естіп жүрген классикалық формасында жарқ ете қалған жоқ, мұқият өңделді, тиянақты жөнделді. 1949-жылы екінші рет, 1958-жылы үшінші рет редакцияланды, қайта қойылды. Бізде композиторлар одағына мүшелікке қабылдау да қызық қой, сол әйгілі операсын жазып біткен кезде де, қойылып жүрген шақты да Мұқан композиторлар одағына әлі мүше емес еді”, – дейді Қанекең (“Құштар көңіл”, 168-бет). Алайда “Қазақ совет энциклопедиясы” оны 1942-жылдан ССРО композиторлар одағының мүшесі деп көрсетеді (1977, 11-том, 123-бет). Мен бұған күмән келтірем. Өйткені Мұқан Мәскеудегі

оқуынан 1941-жылдың аяғында ғана Алматыға оралады. 1942-жылы оны мүшелікке қабылдай қоятындай нақты себеп, дәлел де жоқ. “Казахское оперное искусство” деген кітабында музыка зерттеушісі П.Момынов: “С 1948 года М.Тулбаев являлся членом Союза композиторов СССР и Совета композиторов Казахстана”, – дейді (1963, 50-бет). Бұл пікір Қанекеннің сөзін толық растайды және иландырады.

Осының өзінен де Мұқанның мінез-кұлқы біраз хабар береді. Атақ, лауазым қумай, өнердің бейнетінен зейнет іздеген адам болғаны аңғарылады. Оның ондай болуының да өзіндік заңдылығы бар, ол – қалың қазақтың ортасында, ауылға тән қарапайым жағдайда туып-өсіп, ержеткен адам.

Мұқан 1913-жылы 13-ақпанда бұрынғы Алматы облысының Бөрілітөбе ауданындағы Шұбартүбек аталатын жерінде Қарашыған мекеніндегі “Үлгі” колхозында туады. Әкесі – Төлебай, шешесі – Тәжібала. Мұқан бала күнінен-ақ өнерлі адамдардың ортасында тәрбиеерлі адамдардың ортасында тәрбиеші, аздап өлең де құрастырып жіберетін кісі болыпты. Тікелей Мұқанды ән мен өлеңге, домбыраға баулыған адам – Апырбай деген ағасы. Қазақ энциклопедиясы Апырбайды Мұқанның туған нағашысы деп көрсетеді (1977, 11-том, 122-бет). Бұл – өрескел қате. 1984-жылы ақын Әли Ысқабаев екеуміз “Өзендер өрнектеген өлке” кітабын жазу мақсатымен бұрынғы Талдықорған облысын түгел аралап шықтық. Сонда Апырбайдың әйелі Зылиха (Нүриха) шешеймен жолығып, бір дәптерге есте қалғандарын қызы Наушатай Апырбаеваға жаздырып алдым. Мұқан Төлебаевтың 70 жылдығына арналып “Нұрлы жүрек” деген кітап шыққанын, онда Мұқанның кіші әкесі

Апырбайдың шешесі Тәжібалаға әке болып көрсетілгенін айтып, ол кісі соған қатты қынжылып еді.

— Екі ғасыр жасаған мен отырмын,
Апырбай мен Мұқанның айғағындай, —

деп те өлеңдеткен. Жасы мен жолыққанда 85-те еді. Бұл кісі Төлебайды Төле(м), Тәжібаланы Тәже(м) деп атаған екен. Төлебайдың да шешесінің аты Зылиха болғандықтан, жұрт бұл кісіні Нұриха атап кетіпті, өзі де ол атты жатырқамай, маған берген дәптеріне Апырбайдың бәйбішесі Нұриха деп жазды. Мұқанның әкесі Төлебай мен Апырбайдың әкесі Әуелбай бір туысады екен. “Апырбайдың жолы Мұқанға кіші әкесіндей, мен кіші шешесіндеймін”, — деді Зылиха апай. Мұқан қайтыс болғаннан кейін ол кісі жоқтау шығарып:

— Арысым менің құлады,
Селге кетті маңайым.
Жиналған көп ағайын,
Мұңымды айтып шағайын...
Сорым менің қайнаған,
Құлады-ау менің терегім —
Ағайынға керегім.
Жас та болса бас болған
Ақылға дархан зерегім, —

депті.

Апырбай мен Зылиханы (Нұриханы) Мұқан өле-өлгенше қатты сыйлап өтіпті. Апырбай ағасының ықпалымен жас күнінде ән салып, домбыра тартыпты.

Бала кезінде Мұқан аз уақыт молда алдын көреді. Атқа құмар боп өседі, Күлтекүрең деген атқа мініп бәйгеге шабады, бірінші боп келеді. Мұқанның толық аты Мұқаметсәлім екен, әке-

шеше, туыстары еркелетіп Мұқан деп кетіпті. Мұқан 17 жасында ауыл өміріне араласып, кейін Қапалдағы курста оқып, содан жасы 18-ге толғанда Көкжиде деген жерде ауылдық кеңестің хатшысы болып істейді, колхоздастыру жұмысына араласады. Арнайы курсты бітірген соң, “Үлгі” колхозында есепшілік қызмет атқарады. Бөрлітөбеде ұйымдасқан өртістер тобы “Үлгіге” келіп концерт қойғанда, Мұқан олармен етене араласады. Олардың ішінде әйгілі ақын, әнші Шашубай Қошқарбаев, сол топты басқарушы әрі әнші Баймұқамбетов Қадау Мұқанға қатты әсер етеді. Олар да Мұқанға ән салдырады, оның өнері оларға да ұнайды. “Колхозда есепші болып әркім-ақ істеп кетеді. Ал тамылжытып ән салу әркімнің еншісіне тимеген”, – деп, Шашубай қарт Мұқанды өз ортасына шақырады. Ақыры Бөрлітөбеге келіп, Мұқан аудандық “Жұмысшы жас” театрының режиссері, ал Қадау театрдың деректірі болады.

1934-жылы Алматыда өткен бүкілқазақстандық өнерпаздар слетіне “Жұмысшы жас” театрынан төрт адам әнші ретінде қатысады: Шашубай, Қадау, Жәмиға деген қыз (әйел), Мұқан. Бұл сапар ол қазақ өнерінің хас шеберлерін өз көзімен көріп, көбімен сөйлесіп, өнерге деген ынтасы бұрынғыдан да өрши түседі. Құрманбек пен Қанабектен ағалық қамқорлық көріп, олардан нақты ақыл, кеңес алады. Соның нәтижесінде 1936-жылы Алматыға шақырылып, арнайы комиссияның сынағынан өткен соң, Москва консерваториясының жанынан ашылған қазақ студиясына оқуға жіберіледі. Ол оқудан 1941-жылы Ұлы Отан соғысы басталған соң күзде Алматыға оралады. Оның да өз себебі бар. Соғыс басталған соң Москва консерваториясы Саратов қаласына көшіріледі де, Мұқан басқа да қатарластарымен бірге өз еркімен Москваны қорғаушылар жасағына барып қосылады, бірақ

біраз уақыттан кейін суық тиіп денсаулығының күрт нашарлауына байланысты, жасақшылар қатарынан босатылады. Мәскеудегі музыкалық студияның композиторлар бөлімінде Р.М.Глиэр, П.С.Шехтер сияқты әйгілі сазгерлерден сабақ алған Мұқан Алматыда Е.Г.Брусиловскийдің аялы алақанына тап келеді. Сол сәтті жолыққан ұстаздың тәрбиесімен түлеп ұшқан ол нағыз қыранға тән қылық көрсетеді.

Жалпы, Брусиловский – 70 жылға жуық сахнадан түспей келе жатқан “Қыз Жібек” пен “Ер Тарғынды” жазғаны үшін ғана емес, М.Төлебаев, Б.Байқадамов, Қ.Қожамияров, Қ.Мусин, С.Мұқаметжанов, Е.Рахмадиев сынды қазақ өнерінің марқасқаларына әр дәрежеде, әр кезде жасаған ұстаздық қызметі үшін де қазақ халқына айрықша ардақты адам. “Брусиловский Мұқанды шәкірттерінің ішінде ерекше санайтын, аса жақсы көретін”, – дейді Қанаған (“Құштар көңіл”, 168-бет). Тіпті, Мұқан ұстазының үй ішімен де жақсы араласып тұрған екен. “Амангелді” операсын бірігіп жазуы да сол сыйластықтың нәтижесі болса керек. Алайда бұл опера жайлы зерттеушілер мандытып ештеңе айтпайды, тек сыдырта атап қана өтеді. Соған қарағанда, Мұқанның күрделі шығарма жазудағы алғашқы тәжірибесі ретінде ғана болмаса, айрықша сөз етерліктей басқаша жетістіктері мол бола қоймаған сияқты. Бірақ “Біржан-Сара” операсындай айрықша шығарманы дүниеге әкелу үшін ол айрықша жолдан да өткенді. 1942-44-жылдар аралығында Мұқан Қазақтың халық аспаптар оркестірінің дирижері қызметін атқарыпты (ҚСЭ, 11-том, 122-бет). Ол қызмет, сөз жоқ, оның ұйымдастыру-шылық қабілетін шыңдай түсумен қатар оркестірге ылайықтап музыка жазудың да қыры мен сырын жан-жақты үйреткен болар. Отан соғысына арналған әндердің

республикалық конкурсында “Таня туралы ән” атты шығармасының бірінші жүлде алуы да оның композиторлық мүмкіндігінің зор болғанын танытады. “Соқ, барабан”, “Жорық”, “Комсомол” әндері, “Кестелі орамал”, “Тос мені, тос”, “Көп жүрдім” романстары оны еліміздегі алдыңғы қатарлы композиторлардың бірі етті.

Мұндай дайындық пен тәжірибеден кейін “Біржан-Сарадай” классиканы тудыруы әрі заңды да сияқты, әрі, әрине, таланттың да таңғажайып жемісі. Бұл опера алғаш 1946-жылы 7-қазан күні сол кезгі ең үлкен мереке Ұлы Октябрь революциясының 29 жылдығында қойылады. Оның либреттосын Қажым Жұмалиев жазды, тұңғыш қоюшы режиссері – Құрманбек Жандарбеков. Мұқан мен Қажым Жұмалиев либреттоны жазу үстінде де бірлесе жұмыс істейді. Алғашқы нұсқа бойынша, оқиға тарихи айтыстың болған жері Қапалда өтеді, яғни шындықтың шеңберінен алыстамайды. Бірақ Қанабек Байсейітовтің: “Біздің операларымыздағы қыз бен жігіттің танысулары ылғи біркелкі болып барады. Төлеген де Жібекпен іздеп келіп танысады, Арыстан да қыздың аулына келіп танысады, енді Біржан да солай болып шығады. Біржанды Қапалға әкелмей-ақ қойсақ қайтеді?” – деген пікірі себеп болып, оқиға Қоянды жәрмеңкесінде өтетін боп өзгертіледі. Либреттоның көркем жазылуы, оқиғаның ұлттық болмысқа сай болуы Мұқанды шабыттандыра түседі.

Сахнаға өзімен бірге жарқ еткізіп ғажап нұр төгіп жібергендей шыға келген Сара үрікпей, саспай Біржанды бірден шаужайдан ала түседі:

– Арқаның аты шулы ардагері,
Шайқасса шықсын былай Біржан сері.
Жетісудың жел жетпеген саңлағына
Ере алмай біразырақ шықсын тері, –

дейді. Сөзімен де, оңімен де, ере шыққан өрімдей нөкерлерімен де Біржанның сенімін бір шайқап тастамақ. Алайда бәріне дайын, бәріне бейім ақылды, айлалы Біржан сол мықты, сабырлы әуенмен қыз шабуылына қазақ дәстүріне сай өте орынды қамалды тоса қояды:

— Сараян бала жастан қыздың ері,
Іздесең, келіп тұрмын Біржан сері.
Әуелі қазақшалап көрісейік,
Бері кел, жасың кіші менен гөрі!

Сөз де, әуен де Біржанның саспайтын, байсалды, байыпты мінезін бірден танытады. Тыңдарман спектакіл емес, айтыстың өзін көріп отырғандай сүйсінеді.

Екі ел еркесінің шекісуі түсінісу мен сыйласуға ұласқан шақта Біржан мен Сара қосыла дуэтпен шырқайды. Сол сәт сахнаға әуеннен шуақ шашылғандай әсер етеді. Екі перзентін ардақтаған халық сезімі ғажап әуеннің ырғағымен беріледі. Қоянды жәрмеңкесі халық мерекесіне айналып шалқиды. Сазгердің құдіреті сахнаны шаттық әуен мен шалқыған сезімге толтырып жібереді.

“Біржан-Сараны” Мұқан мұқият жазды, табандылықпен жазып шықты... күні-түн шаршау білмей отыруға ондай шыдамды адам сирек шығар. Өзіне өзі қатты талап қоятын. Жазғанын қайта-қайта өзі тыңдап, қайта-қайта біздерге тыңдатып, бірнеше дүркін сыннан өткізетін. Кейде оның жаңа жазған бөлімдерін үйіне қона жатып та тыңдап жүрдік... Брусиловский, Жұбанов, Хамиди Төлебаевтар көпшіліктің кемшілік тапқанына да, мақтағанына да үлкен рахмет айтып риза болып отыратын. Және бір қызығы: олар жаңа шығармасын жазып біткенше біз оны жаттап та бітуші едік. Олардың жазып жатқан дүниесін өзіміз

жазысып жүргендей сезінетінбіз”, – дейді Қанаған.

Музыка мамандарының бағалауы біз сияқты көрермен пікірімен үйлесе ме, үйлеспей ме, онысын білмеймін, алайда “Біржан-Сара” операсында еуропалық классикадан еш қалыспайтын бір айрықшалық бірден байқалады, ол – хор мен би музыкасының аса биік талғаммен, өте үлкен шеберлікпен жазылуы. Әп деп перде ашылғанда-ақ Қоянды жәрмеңкесіндегі ән-думан сахнаға уыстап нұр шашып тұрғандай әсер етіп, көңіліңді ө дегеннен-ақ көтеріп әкетеді. Сырттан Біржанның: “Базардың құты болсын, ардақты елім!” – деген асқақ даусы естілгенде, қошемет қуаныштан орныңнан ұшып түрегеп кете жаздайсың. Халқыңның ғажап тарихын, өлмес өнерін сахнадан ұшыратып, кеуденді тек мақтаныш сезімі кеулеп әкетеді. Оқжетпестің сиқыр сұлулығымен үйлесіп, оркестірден, хордан қазақ әуені ең әсерлі үнмен төгіледі: сахна халық өнерінің көрмесі тәрізденіп, Біржан мен Сара дәуіріне еніп кетесің. Музыка сені біржола баурап әкетеді.

Брусиловскийдің опера жазудағы игі дәстүрін Мұқан орынды пайдаланған. Біржанның өз әндері “Айтпай”, “Жанбота”, “Адасқак”, “Біржан салды” оқиға өрбуіне сай пайдалану арқылы шығарманы тарихи жағдайға жақындатып, нанымды етіп көрсете білген. Соның нәтижесінде, көрермен тарихи оқиға шындыққа сай Қапалда емес, Қоянды мен Көкшетауда өтіп жатқанына көңіл де аударма алмай қалады. Біржан бар жерде Көкшетау, Көкшетау бар жерде Біржан болуы керектігі бәрін жуып-шайып білдірмей жібереді. Оқиғаның даму жеделдігі мен нанымдылығы, бәрінен бұрын әуезді музыка мен тарихи бейнелердің бітім болмысын ашып көрсететін ариялар мен әуендер еш жалықтырмай, үш көрініс бойы ынтанды оқиға шеңберінен шығармай ұстайды да отырады. Біржан

аманына енігіп кеткен жан дүниенді мына кезіңе айтара алмай ұзақ қиналасың, ұзақ ойланасың. Әнердің құдіретімен осыншама ойлантатын, оншама қиналтатын операны дүниеге әкелген Мұқанға риасыз риза боласың. Оның шын асыл кенін арыңның алдында мойындайсың. Оның да з заманының өзгеше Біржаны болғанын өзгеше ір сезіммен түйсінесің. Композитор Д. Тақтакишвили “Біржан-Сараны” 1958-жылы опера-поэма деп батыл түрде айтуға болады” деп ағалаған-ды. Халқының тарихын қастерлеген, лтының өнерін өлтірмеу үшін өзегін жарып өуен ығарған Мұқанның өзі де өлмейтін талант екенін үсініп тәубә дейсің. Иә, қазақтан ондай ұл ғанына тәубә!

Мұқан әзілкеш, әңгімешіл адам болыпты. Ысқылдап, қалжыңдап жүру, қалжыңдасып өйлесу оның жақсы әдеті екен. Мәскеуге алғашқы арысында ол әйгілі “Жас қазақ” әнін шығарған ‘амазан Елебаевпен, үні айрықша өуезді әнші Мағауия Көшкінбаевпен, әрі атақты әнші, әрі алантты актер Кәукен Кенжетаевпен, ағайынды ‘ишат, Мүслім Абдуллиндермен бірге оқиды. асында Мұқан да әншіліктің оқуын таңдайды. Өз көргендердің айтуына қарағанда, ол Пашубайдың “Ақ қайың” әнін Шашекеңнің зінен үйреніп айтқан, ал “Қанат талдыны” Қадау аймұханбетовтен үйренген, өзінің арғы атасы олып келетін Құл серінің “Мәүкімсал”, Шүбарағаш–Ойжайлау” әндерін орындапты, Фазиздің әнін” айтады екен. “Біржан-Сара” перасында Естайға айтқызатын Жаяу Мұсаның Хаулау” әнін де сүйіп айтыпты. Даусы әдемі тенор олған көрінеді. Мәскеуде оқығандардың ‘амазаннан басқасының бәрі маманданған әнші олуға талпынады. Алайда Рамазанның ән шығару абілетін жүрегімен ұққан Мұқан кейін омпозиторлық бөлімге ауысады. Сірә, өзінің ішкі

жан дүниесіндегі бейімділікті аңғарған болу керек. Ол ойшыл, қиялшыл адам болған деседі, үнемі ой үстінде жүреді екен. Төрешілдік, атаққұмарлық, мансапқорлық секілді жайдақ, жылтырақ мінездерден мүлде аулақ болған. Шылым шеккен, өзі машина айдаған, табиғатты тамашалауды ұнатқан. “Біржан-Сараны” жазып біткенде оның жасы бар-жоғы 33-те ғана еді. Музыкалық жоғары білімі де жоқ-тын. Ол Москва консерваториясына “Біржан-Сараны” жазып бітіп, сахнаға шығарған соң 1947-жылы ғана түседі. Оны 1951-жылы профессор Н.Я.Мяковскийдің класы бойынша бітіріп шығады. Диплом жұмысын “Біржан-Сара” операсының 1-актысы бойынша қорғайды. 1949 және 1958-жылы операны қайта редакциялауға осында алған білімі ықпал еткен де болу керек. Қарап отырсақ, “Біржан-Сараны” бүгінгі біз көріп жүрген дәрежесіне жеткізу үшін ол 13-14 жыл бойы жұмыс істеген.

Жоғары білімі болмай тұрып “Біржан-Сарадай” опера жазған адамның “Қозы-Көрпеш – Баян сұлуды” одан да жақсы етіп жазатындығына күмәнданбайсың. К.Кенжетаетың айтуына қарағанда, солай жазылып жатқаны шындық та сияқты. “Мұқан көп ойланып, көп толғанып “Қозы Көрпеш пен Баян Сұлуды” бастап та кетті... Қодардың “Мақпал” әнінің жүйесімен жазылған үлкен ариясы бар. Сол арияны маған талай айтқызып еді... “Осы рөлді саған арнадым, сен айтуың керек” деген... Операның қай рөлін кім айтатынына шейін білген ол әншілерге арнап жазды: Қозы Көрпеш – Б.Досымжанов, Баян – Ш.Бейсекова, Қодар – К.Кенжетает”, – дейді ол “Досым Мұқан” деген естелігінде (“Жұлдыз”, N9, 1981). Кенжетает осы естелігінде Жантыққа ылайық әуенді ұзақ іздегенін, ақырында тапқанын

да айтады. Осының бәрін саралап қарасақ, шынында да, “Қозы Көрпешті” Мұқан “Біржан салдан” асырмаса, кем шығармайтын екен-ау деп өкінеміз. Ол “Нияз бен Раушан” атты да опера жаза бастағандығы айтылады (ҚСЭ, 11-том). Өкініштісі ол да аяқталмаған.

Мұқан — үйіп-төгіп өнді де, романсты да көп шығармаған, аз жазса да ійін қандырып жазған адам. Соған орай оның еңбегіне де кезінде ылайықты баға берілді. 1945-жылы “Қазақ ССР еңбек сіңірген өнер қайраткері” атағына, 1949-жылы “Біржан-Сара” операсы үшін Кеңестер Одағының Мемлекеттік сыйлығына ие болды. 1951-жылы сол дәуірдің ең бір зор құрметі Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды, 1958-жылы Кеңестер Одағының Халық өртісі атағын алды. 1956-1960-жылдар аралығында Қазақстан композиторлар одағы басқармасының төрағасы қызметін атқарады. “Отан соғысы” орденімен сыйпатталады.

Мұқан Төлебаев — Қазақ әнұранын жазушылардың бірі. Еркеғали Рахмадиев ағамыздың айтуынша, 1944-жылы әнұран конкурсына 13-14 композитордан 28 шығарма түсіп, соның ішіндегі үздіктерінің авторлары Төлебаев, Хамиди, Брусиловскийге бірігіп жазып шығу ұсынылады. Қазірге дейін қасиеттеп келе жатқан әнұранымыз өмірге солай келіпті.

Мұқан Төлебаевтан Айдар атты ұл, Алмас атты қыз бар.

Мұқан да, Мұқан жазған “Біржан-Сара” да — біздің ұлттық мақтанышымыз. Ол — ұлтымыздың шаңырағын биіктетіп тұрған алып уықтардың бірі.

ӘНМЕН ӨРІЛГЕН СЕЗІМ

Қай халықта да әнші көп. Әсіресе қазақта көп. Алқа топта қисынын тауып қинаса, әу демейтіміз жоқ. Әйткенмен, “әннің де естісі бар, есері бар” деп Абай айтпақшы, әншінің де әншісі бар. Жалпы айтқанда, әнші дегеніміз – орындаушы. Жақсы орындаушы - жақсы әнші. Қазақтың сондай жақсы әншілерінің бірі - Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өртісі Дәнеш Рақышев.

Жақсы әншіні жұртшылық неге жақсы көреді, неге құрметтейді?

Меніңше, ең әуелі әнімен, әуезімен, әсерлі сөзімен жан тебіrentкені үшін жақсы көреді. Сонан соң халықтың қасиетті өнерін жалғастырушы ретінде қадірлейді. Халықтың әріден келе жатқан мұра өнерін әншілер бүгінге жеткізеді, ертеңге аманаттайды. Орындаушы ретінде жақсы әншінің қатарына жататындардың бәрі де осы арада бір жіктеледі: қандай әндерді бүгінге жеткізгеніне және оны қай дәрежеде жеткізгеніне байланысты. Міне, осы тұрғыдан келгенде, Дәнеш – қазақ өнері үшін аса бағалы, айрықша қадірі бар әнші.

Осыған орай әншілік өнеріне байланысты кейбір фактілерді еске түсіре кеткеніміз қисынды сияқты. Мәселен, Байғабыл Жылқыбаев дейтін әнші өткенін, оның орындаушылық шеберлігі өзгеше екендігін көбіміз білеміз, қадірлейміз. Ал оның атын да, қадірін де қазақ өнері үшін айрықша қымбат көрсететін тағы бір үстеме факті бар, ол -

Жылқыбаевтың Біржан әні “Теміртасты”, Естай әні “Бір мысқалды” қайта тірілтуі. Бұл екі әнді қазір бөріміз де сол кісіден үйреніп айтып жүрміз. Жылқыбаевтың орындауы арқылы бұл екі әннің жаңа тарихы басталғанына көбіміз куәміз. Ән болғанда да “Теміртас” пен “Бір мысқал” қандай ән?! Әннің естісі, маржаны ғой. Б. Жылқыбаевтың құрметін, қазақ өнеріндегі орнын “Теміртас” пен “Бір мысқалды” қайта тірілтікенін, халыққа қайта насихаттағанын, кең таратқанын есепке ала отырып қана әділ бағалай аламыз.

Сол сияқты, қазіргі жас әнші Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты Қайрат Байбосыновтың репертуары да сирек айтыла бастаған немесе ұмытыла бастаған қазақ әндерін қайта жаңғырту арқылы айрықша бағалы. Кезінде Ыбырай Сандыбайұлының атақты әні “Тәккүдің” Иса Байзақов арқылы Е.Г.Брусилковскийге жетіп, одан “Қыз Жібек” операсына ария болып еніп, Күләштің орындауында талайды тамсандырғанын тағы білеміз. Қысқасы, әншінің бағасын айтып жүрген әндерінің бағасы да арттыра түседі. Әнге жаңа өмір, жаңа серпін сыйлаған әнші әсіресе қадірлі.

Дәнештің де әншілік бағасын, қадірін арттыра түсетін фактор - Әсет әндері. Өнер сахнасына Дәнеш Рақышев шыққанға дейін біздер Әсет әндерінен тек “Інжу-маржанды” ғана еститінбіз, оны Жамал Омарова, Әнуәрбек Үмбетбаев айтатын. Айтқанда да, “Інжу-маржан” демей, “Әсеттің әні” дейтін. Газет-журналдар да солай жазатын, өйткені Әсеттің әні дейтін басқа әнді ешкім айтпайтын, сондықтан оны Әсеттің басқа әнімен шатастырып алармыз деп ешкім де қауіптенбейтін. Рас, “Сметті” айтатын, Оны Манарбек Ержанов та, Ғарифолла Құрманғалиев те ақын Иса Байзақовтың жазып берген жаңа тексімен орындайтын, әлі де сол текспен орындалып келеді. Зерттеушілеріміз де сол

“Сметтің” Әсет әні “Қисметтің” бір нұсқасы екендігіне әлі де көңіл аудармай келеді, халық әні деп айтылып жүр. Міне, Әсеттің осы екі әнінен басқасының орындаушысы жоқ кезде өнер сахнасына Дәнеш шықты. Бұрын зерттеушілер Әсеттің көп әні бар екенін тізімдеп айтқаны болмаса, ол әндердің қайсысы қалай айтылатынын халық біле бермейтін. Енді Дәнеш Рақышевтің айтуында әнші-композитор Әсет Найманбаевтың “Қисмет”, “Қаракөз”, “Үлкен Ардақ”, “Кіші Ардақ”, “Мақпал”, “Ақырғы сөз” сияқты алуан мінезді әндерін құлақ құрышымыз қаңғанша тыңдайтын дәрежеге жеттік. Біз, әрине, Әсеттің осынша әндерін емес, бір әнін ғана бізге жеткізсе де Дәнешке дән риза болар едік, ал мынандай мол мұра әкелгені үшін айрықша ризамыз. Дәнешке деген ел құрметінің астарында Әсетке деген ілтипат та жататыны сөзсіз. Дәнеш Рақышевті өзге әншілерден ерекшелейтін, творчествосын даралайтын бір жайт осы.

Дәнеш өзі Әсетті көрмеген. Ал оның әндерін Мәмет Бабасов, Байбазар Рүстемов деген әншілерден үйренген. Әсеттің ән творчествосын бағалауда, зерттеуде Дәнеш репертуары бірден-бір түпқазық екендігі даусыз. Музыка зерттеушісі Мақсұтбек Майчекин 1969- жылы жарық көрген “Портреттер” атты кітабында: “Әсет тұрған жерде болып, кейін елге қайтып келген талантты әнші Дәнеш Рақышев соңғы жылдары ғана Әсеттің ілгеріде аталған “Ардақ”, “Мақпал”, “Қисмет”, “Қаракөз” атты бірқатар әндерін радио арқылы айтып, республика жұртшылығына кең тарата бастады,- деп жазды. Көріп отырсыздар, Әсет әндерінің Дәнеш арқылы қайта оралғандығы ақиқат.

Әсетке байланысты ескеретін Дәнеш Рақышевтің тағы бір қызметі бар, ол - Әсет

өлеңдерін жинауға қосқан үлесі. Ең алдымен өлеңдерін айтқан адам оның сөзін де, айтпады. “Мақпал”, “Қаракөз”, “Үлгі” “Кіші Ардақ” сияқты өндермен (Дәнеш өлеңін де сақтап әкелді. Ал бұл сөзі бұрыннан да белгілі-тін, оны сақтап ақын Ілияс Жансүгіров болды. Көп түйткіл тек осы “Қисмет” сөзінің мән кездері оның да сыры ашылды. Мәдениет әдебиет баспасы 1983 жылы “Атқам” кітабын шығарды, сол кітапта “Қисмет” деп көрсетілген, ал оның мәні ислам әлемде болып жатқан барлық өміріндегі кездесетін әрбір сәт аллаһ пешенеге жазғанымен сәйкес өтіп кетіп білдіреді екен. Исламның бұл заңы “мұсылмандықтың өзегі” деп бағалы қарттардың “жазмыштан озмын” деп отыратыны да осы ыңғайда айтылған. Айтыс ақыны Әсет өмір сүрген кезде күшті болғандықтан, сөзден жеңіліп ол діни жағдайларды біраз білуге тиіс ол өз шығармасының бірін “тағдыр” “жазмыш” деген мағынаға қолданылатын “Қисмет” сөзімен ата-салата Дәнеш сіңірген еңбектің үлкейіп “Ақырғы сөз” атты ұзақ өлеңін өлеңнің түгел тексін ол Мәлік Қошқарбайұлынан жазып алған, ал ұстазы Кәдіріхан деген кісі көп қасына еріп жүрген өнерпаз адам еді “Ақырғы сөз” аталып кеткен Әсеттің шығарған өлеңінің академик Сәт Шыңжаннан жазып әкелген нұсқасы болатын, ал Дәнеш жазып алған ең 120 жол. Және бұл өлеңнің әр жолы көп сыр түйген, ақынның өмірбаянд

творчестволық мақсаты мен деңгейін, бүкіл өмірлік идеясын айқындау үшін айғақ, дәлел болатын тарихи шындықтар. Ондай құнды шығарманы қолымызға аман- есен тапсырғаны үшін Дәкеңе тек алғыс айтуға тиіспіз.

Әнші Дәнешке жұртшылық ілтипатын айрықша аудартатын тағы бір жайт “Аңшының әніне” байланысты. Дәнештің әншілігін алғаш республикаға танытқан да осы ән. Бұл әнді Рақышев айрықша сезіммен, ыстық ықыласпен орындайды. Әуезді мақпал үні осы әнді орындағанда айрықша құбылады.

Кезінде Ыбырай Сандыбайұлының “Бір қызық ит жүгіртіп, аң ауласа” дейтін ұзақ өлеңі барын Сәбит Мұқанов та (“Өсу жолдарымыз”), Есмағамбет Ысмайылов та (“Үкілі Ыбырай”) айтқан және ол өлеңді тұтас жариялаған. Ал академик Ахмет Жұбанов: “Осы бір аулында кідіріп қалып, ит жүгіртіп, құс салған кезінде “Бір қызық ит жүгіртіп, аң ауласа” деген өлеңін шығарады. Оның әнінің қандай болғаны бізге мәлім емес”, - деп жазады (“Замана бұлбұлдары”). Сол мәлім емес әнді мәлім еткені үшін де Дәнешке елі риза.

Ал енді Ыбырайдың әні Шыңжан өлкесіне қалай өтті деген күмән де тууы мүмкін. Ол күмәнді Әсет өмірбаяны шешсе керек. Академик Жұбанов “Замана бұлбұлдары” атты кітабында Әсет туралы жаза келіп былай дейді: “Әсет сол сапарда тағы да Арқаның әсем әндерін өңгеріп қайтады. Оған Жарылғаптың, Ыбырайдың әндері үлкен әсер етеді”. Демек, бұл ән Шыңжанға Әсет арқылы өтуі мүмкін. Әнді, әрине, ең бастапқы қалпында өзгермей қайта оралды деп айту қиянат болар. Әсет орындаған әндерде Әсетке тән қолтаңба қайтсе де қалуға тиіс. Ол әнді үйренгелі бері үнемі жетілдіре, нақыштай орындап келе жатқан Дәкеңнің де азды-көпті өзіндік үлесі болуы – заңдылық.

Өмірі негізінен Шыңжан өлкесінде өткен күрескер ақын Таңжарық Жолдыұлының творчествосы республика жұртшылығына біраз таныс болуға тиіс. Ол туралы алғаш Сәбит Мұқанов өзінің “Алыптың адымдары” атты кітабында кең тоқтап, мол мағлұмат берген болатын. 1974 жылы “Жазушы” баспасы Таңжарықтың өлеңдерін “Арман тау” деген атпен жеке жинақ етіп шығарды. Өмірі де, творчествосы да аса мәнді осы ақынның мұрасы болып табылатын “Амандасу” атты ұзақ өлеңіне ән шығарған да Дәнеш Рақышев. Гоминдан түрмесінде алты жыл отырып шыққан Таңжарық ақын ел-жұртымен, туған жерімен амандасып шығарған бұл өлең - қазақ өнеріне қосылған қымбат қазына. Ол өзінің әуезді мұңымен, өлең сөзінің шыншылдығымен адам жанын тәрбиелеуде әрі ұзақ, әрі игілікті қызмет атқаратыны күмәнсіз.

Дәнеш творчествосының бір қыры қазақ әндерін халық арасына кең насихаттаудан тұрады. Оның репертуарында басқа әншілер айтпайтын, бәлкім, ол да айтпаған болса, өнер тарихымызға мүлдем енбей қалуы да мүмкін-ау дейтін халық әндері біраз. “Қош, алма бел жарым”, “Қоңыр қаз”, “Баянауыл”, “Аяулым”, “Жан ерке”, “Жан сәуле”, “Әй, Бөпем” сынды сырлы әндер - Дәнеш насихаттап жүрген қымбат мұралар. Оның репертуарынан бұл күнде Біржан мен Ақанның, қазақ совет композиторларының әндері мол орын алады. Біржанның “Адасқағы”, Ақанның “Мақпалы”, Балуаншолақтың “Ғалиясы”, Естайдың “Жай қоңыры”, Қасым Аманжоловтың “Дариға, сол қызы”, Нұрғиса Тілендиев, Өмірбек Байділдаев, Әсет Бейсеуовтің әндері замандастарымыздың рухани қажеттігін өтеу жолында аз қызмет жасап келе жатқан жоқ,

Әншінің әнді орындау шеберлігін ерекше айту керек шығар. Оның даусын, ән шырқау мәнерін

шкіммен шатастырмайсың. Әуезді мақпал даусы
тыңның ішінде мен мұндалап тұрады.
Сүштілігімен, кеңдігімен ерекшеленбейді;
еркелегендей әсерлілігімен, әрі ойнақы, әрі ойлы
дауысымен, өзіне ғана тән өзгеше майда мінезімен
айытады.

Рақышевтің ән айту ерекшелігіне, үнінің өзгеше
әуезділігіне кезінде Мұхтар Әуезовтің, Манарбек
Ержановтың, Кенен Әзірбаевтың көңіл аударып
қақсы баға бергенін жазушы Сәуірбек Бақбергенов
айтып та, жазып та сан рет қуәлендірді. Дәкенді алғаш
Қазақстан Республикасы оқырмандарына таныс еткен, онымен көп
сөйлескен, көп сөйлескен Сәукең Рақышевта тікелей
өрт ұстаз болған дегенді айтады, олар. Мәмет,
Сәдірхан, Қайыпбек деген әншілер және Манарбек.
Сірә, Дәнеш Рақышевпен араласып, пікірлесіп
күргенінің әсері болар, Сәукең өзінің “Қан тозаң”
романында Әсет ақын мен Ардақ қыз линиясын өте
өдемі, әсерлі пайдаланады. Өнердің өзара
байланыстылығына, бір-біріне ықпалдылығына бұл
да бір мысал.

Дәнештің композиторлығы да көп сыр аңғартады.
Оның әндерінен құрау-жамауды, еліктеуді
аңғармайсыз; бәрі де тұтас мінезді, үйлесімді,
желден үзілмей келе жатқан халық дәстүріндегі
шығармалар. Совет жерінде туып, одан отыз жылдан
кейін сол туған жерімен қайта қауышқан әншінің
алғаш шығарған әнінің бірі туған жер туралы болуы
заңды сияқты. Оның осы “Жетісу” атты әнінен
Өлеңі Т.Исабековтікі) туған жерге деген сағыныш
а, мақтаныш та қатар сезіледі. “Саясында алманың”
әні де оның алғашқы туындыларының бірі (Өлеңі
С.Толыбаевтікі), әнші мұнда да туған жердің
абиятына тәнті болғандай әсер қалдырады, әннің
әуезінде сәбилік еркелік, биязы нәзіктік басым.
Дәнештің жұртшылық ықыласына айрықша
өленген, көптеген әнші репертуарынан орын алған

туындысының бірі - ақын Рахметолды Нұрпейісовтің сөзіне жазған “Соға кет” әні. Сірә, оның сыры әннің әуені мен сөзіндегі халықтық колориттің ерекше қабысуында болса керек. “Талдықорған жастарының маршы” (Өлеңі Ә.Дәуренбековтікі), “Бақытым бол (Өлеңі М.Әлімбаевтікі), “Арманым-аққуым” (өлеңі Н.Айтовтікі) сияқты әндері де Дәкең творчествосының биік деңгейін анықтай түсетін туындылар. “Өнер” баспасы 1984-жылы оның 22 әнін “Мақтанышым - елім” деген атпен жеке ноталы кітап етіп шығарды. Дәкеңнің ол жинаққа енбей қалған шығармалары да біраз. Мұның бәрі әнші-композитордың өнімді әрі тынымсыз еңбектеніп жүргенін айғақтаса керек.

Дәнеш Рақышевтің ұстаздық, тәлімгерлік жұмысы да айрықша атап өтуді қажет етеді. Ол қазір Талдықорған облыстық филармониясында қызмет істей жүріп гастрөлмен ел ішін жиі аралайды. Қазақ әндерін, қазақ композиторларының шығармаларын жүрген жерінде насихаттай жүретіні айтпаса да белгілі. Оны көрген, тыңдаған талай жас таланттың оған еліктейтіні, одан үйренетіні сөзсіз. Ал оның нақты тәлімгерлігін көріп, қанаты астынан ұшқан жас таланттар қаншама. Әншілердің Әміре Қашаубаев атындағы республикалық конкурсының алғашқы жеңімпазының бірі Мырзахмет Мүлікаманов, жас әншілер Жақсылық Мырқаев, Зарықбек Рақымжанов, Жабықбай Сапарғалиев, Нұржан Жанпейісовтер Дәкеңнің әншілік дәстүрін жақсы жалғастырып келеді. Дәнештен үйреніп алған асыл мұраларды өз репертуарына енгізіп, республика жұртшылығына кеңінен насихаттап жүргендердің ішінде Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаттары Қайрат Байбосыновты, Жәнібек Кәрменовті, Қазақконцерттің белгілі әншісі Қажыбек Бекбосыновты ерекше атаған жөн. Әнші

атақты болған сайын оның өзгеге де әсері арта түседі, сондықтан бұл жас талантты әншілердің репертуарындағы “Аңшының өні”, “Қисмет”, “Инжумаржан” әндері үні бәсеңдемейтін, кездейсоқтыққа ұшырап жоғалып кетпейтін даңғыл жолға біржола түсті деп қуануымызға әбден болады. Қазақ өнеріне Дәнеш творчествосының өзіндік үлес қосқаны, оны байыта түскені осыдан да көрінеді.

Дәнеш Рақышев Талдықорған филармониясының құрамындағы жастар ансамбліне көптен бері жетекшілік жасай жүріп, ондағы өнерпаз жастарға ерінбей-жалықпай ұстаздық етуде. “Әнді тек дауыс айтпайды, - дейді Дәкен, - адамның білімі де, ақылы да, ең аяғы инабаты мен мінезі де - бәрі қосылып айтады. Менің өнерпаз іні-қарындастарыма, ұл-қыздарыма басты үйретпегім де осы. Әуенді сала алсам, даусымды әдемі шығарсам, халықты риза етуім қиын емес деп қателесетіндер баршылық. Байқайсың ба, кез келген адам ыңылдап айтса, кез келген әнді сала алады, даусын да бірқыдыру әдемі шығара алады, демек, белгілі дәрежеде кез келген адам әнші. Ал біздер - әнші деген ресми аты бар әншілер - әнді жанымызбен, бүкіл ақыл-ой, жүрегіміздің лүпілімен шырқап бермесек, онда тыңдаушылардың қошеметіне оңайдан-оңай бөлене алмаймыз”.

Рас айтады, “тыңдаушылардың қошеметіне оңайдан оңай бөлене” қою қиын. Оның үстіне ән айтпайтын адам жоқ. Ал ән айтқанда сынайтын адам одан көп. Өзінің тәлімгерлік жұмысында Дәкен ән үйрену мен білім, тәлім-тәрбие үйренуді қатар жүргізетіні жайдан-жай емес. Әсте, өнерде өзінің адамгершілік деңгейі биік тұрмаған адам өзгені де биік деңгейге көтере алмайды. Дәкенмен бірге қызметтес болған, оның тәлімін алған жастардың, сөйлесе қалсаң, алдымен ол кісінің

биязы мінезін, кісілікті қылықтарын сүйсіне әңгімелейтіні бекер болмаса керек. Қылығынан сүйсініп тәрбие алмаған адамды сүйікті ұстазым деп кім айтар? Ал Дөкең мен оның шәкірттері әке мен баладай, аға мен қарындастай сыйласымды. Өнерпаз ағаның ұстаздығы ұзағынан болғай!

Біз, шынында да, әншісі көп халықпыз. Бірақ әрбір әншіміздің өз биігі, өз бағасы бар. Солардың ішінде ерекшеленіп, өзінің үнімен де, өнерімізге қосқан үлесімен де жарқырап көрінетін өнерпаздың бірі - Дөнеш Рақышев. “Арындап ән сала ма дарымаған” деп, Әсет айтпақшы, Дөкең — шын мәніндегі өнер дарыған дара талант. Оның арындап салған әндері туған халқын өнер бесігінде талмай тербетіп келеді. Ұзақ тербете бергей!

Нөмір беттеліп жатқан кезде
қуанышты хабар жетті:
әнші ДӨНЕШ РАҚЫШЕВ
“Қазақ ССР халық артисі” атанды.

P.S. Өкінішке орай, әнші ағамыз бұл күнде арамызда жоқ, 1992-жылы қайтыс болды. Бірақ ел-жұрты Дөкеңді ұмытқан жоқ, 70 жылдық, 75 жылдық торқалы тойын ағамыздың асыл мінездерін еске ала отырып өз дәрежесінде өткізді.

Мен ағаның әнін алғаш студент кезімде ҚазПИ-дің асханасында тұрып тыңдадым.. Оның алдында осындай бір әнші ар жақтан Жаркентке келіпті деген дақпыртын ғана естігем. Бұрын тыңдап жүрген бірде-бір әншінің даусына да, ән айту мәнеріне де ұқсамайтын мақпал үнді біреу “Аңшының әнін” радиодан үзілдіріп орындап жатқанын тыңдап, ішімнен Дөнеш Рақышев деген әнші осы болар деп болжағам. Соным рас боп шықты.

Ағаның өзін 1968-жылы аудандық комсомол комитетінің 2-хатшысы болып жүрген кезімде Көкталдағы үйінде көрдім. Бурақожыр өзенінің шығыс жағындағы экспедиция салған үйлердің бірінде тұрады екен. Сол күні ағаның үйінен дәм таттым, қасында отырып әнін тыңдадым. Аға-іні боп сыйласуымыз сол күннен басталып, өле-өлгенінше үзілмеді.

Кейініректе, мен Алматыда тұрып жатқан кезде, үйге досы Құрманбай Толыбаев екеуі келіп, тағы да бір ән мерекесіне ұзақ шомылдырып еді.

Мен Дәкендей өнерлі ағамның болғанын мақтаныш етем. Әбілхан Қастеев екеуі Жаркент өңірінің өнердегі қос шамшырағындай жарқырап, жас ұрпақты өздеріндей өнерлі болуға үнемі баулып отырады. Сол үшін де екі ағамыздың асылдығы айрықша.

ӨНЕРІМІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫ

Жақсының аты, жасаған жақсылығы әрқилы жағдайда ұмытылса ұмытылып та жататын шығар, бірақ елі үшін өлмес істі бастап бергендер тарих бетінде біржола қалмақ. Сондай адамдардың бірі – Қазақ ССР халық әртісі Қанабек Байсейітов. Қанағанның қазақ өнеріне қосқан үлесі мәңгілік. Ол – қазақ музыка театрының негізін салушылардың және ұлттық опера өнеріміздегі алғашқы режиссерлердің бірі. “Әртіс” деген сөзді қазақ даласына алып келген және оған абырой әперген алғашқы қарлығаштардың да бірі. Ол қазақ драма театрының, опера және балет театрының, мемлекеттік филармонияның деректірі болып та талай жыл істеді.

“Халық үшін қажет!” – дегенді естігенде, Қанаған шамам жетпес-ау деп, қандай қиын істен де тайсақтамаған, “кетігін тауып, кірпіш болуға” асыққан. Кезінде оның “Озбыр болыс”, “Зәуре”, “Екі қыз”, “Келіншек” сияқты пьесалармен қатар, “Достық жолы” балетінің, “Айсұлу”, “Алтын таулары” операларының либреттосын жазуы, көптеген драмалық шығармаларды аударуы, біраз өндерге өлең жазуы – осы борышты ұғынғандығынан. Ал оның Қуандық Шаңғытбаевпен бірлесіп жазған “Беу, қыздар-ай”, “Ой, жігіттер-ай” атты комедиялары елді әлі күнге күлкіге кенелтіп келеді.

Үкімет пен партия Қанабек Байсейітовтің еңбегін жоғары бағалап, оны Ленин, Еңбек Қызыл

Ту, Халықтар Достығы, “Құрмет Белгісі” ордендерімен және көптеген медальмен марапаттады. Қайтыс болғаннан кейін оған Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Биыл сексенге келетін еді. Өмірінің соңғы жылдарында мен ол кісімен біраз дәмдес-түздас болдым.

Талдықорған облысының “Сарыбұлақ” совхозында жұртшылықпен алғашқы кездесуіміз сәтті өтті. Қанағанның өмірі мен творчествосы жайында мен баяндама жасадым. Алматыда келіскенімізде: “Баяндаманы қағаздан оқып тұрғанды онша ұнатпаушы ем, негізгісін түртіп алып, қалғанын еркін айтсаң қайтер еді, бала?” – деген болатын. Сол айтқанын орындадым. Кездесуде Қанағаң толқып, жұртты риза ғып сөйледі. Мінбеден түскен соң, қасыма отырар-отырмастан құлағыма сыбырлап: “Бала бірдемені бүлдіріп алған жоқпын ба, қалай шықты?” – деді. “Қанаға, “бес”, – дедім, сәл әзілдеңкірей қолын сыртынан қысып. “Әй, шын айт, шын сұрап тұрмын”, – деп, бұл жолы көзіме бажайлап қарады. “Жо, шын айтам, Қанаға, шынымен, жақсы сөйледіңіз”, – дедім, жүзімнен күлкі ізін көрсетпеуге тырысып. “Анамынау жерлерім болса, айтып қой. “Ойбұй, Қанабегің осы ма?” – деп ренжіп жүрмесін жұрт. Өмір бойы жинаған беделімізден бостан-босқа бір сәтте айрылып қап жүрмейік”.

Мен бұл жолы қолының сыртынан үндеместен қысып-қысып қойдым. Соңғы сөзіне қатты риза болдым. Қартты сыйлауым бірте-бірте артып келе жатты.

Үшінші қараша күні сағат оннан аса “Сарыбұлақтан” шығып, Шоқан атындағы колхозға қарай жүрдік. Алматыдан мініп келген “Жигулиімізді” қайтарып жібергеніміз, қазір астымызда – “ГАЗ-69”.

Жолға шыға бере-ақ әңгімеміз Құрманбек Жандарбеков жайында болды. Оның біразы Қанағанның “Құштар көңіл” атты кітабына енгендіктен, қайталап жатудың қажеті болмас; ал бірақ Күрекең туралы айтқанда, Қанағанның қатты толқып, айрықша бір сағынышты сезіммен сөйлегенін, әлсін-әлсін даусында ерекше діріл пайда болып, үні сыбырлай шығып қалғанда, “мына кісі жылап отырған жоқ па өзі?” деген күдікпен сан рет бетіне ұрлана қарағанымды айтпасам, ақиқатқа қиянат секілді. Қазақ өнерінің қара шаңырағын көтеруге үлкен үлес қосқан қос таланттың өйтіп ұзақ жылдар бойы тату-тәтті дос болып, өсек пен қызғаныштың талай қысталаңынан араларына дақ түсірмей, кісіліктерін сақтап өтуі кімді де болса сүйсіндірсе керек. Қызығып, қара шалдың әр сөзін ұмытып қалмауға тырысып, ыждаһатпен тыңдадым. Әрбір әңгімесінің түйіні сайын: “Күрекем сондай еді ғой! Күрекең сөйтетін еді”, – деп, сынарын іздегендей менен жүзін бұрып әкетіп, далаға қарайтын. Даусындағы дірілден көңіл күйін танысам да, көзінде жастың бар-жоғын бірде-бір рет байқатпады.

Кербұлақ ауданының біраз шаруашылығында болып, алтыншы қарашада көрші Панфилов ауданына қарай бет алдық. Ауданның территориясы басталатын Тектұрмастың жазығынан ауатком төрағасының орынбасары Мая Дифу деген дүңген келіншек, тағы басқа кісілер қарсы алды. Бұрыннан таныс, біраз жыл бірге қызмет істеген адам болғандықтан, біз Мая екеуміз салған жерден бір-бірімізбен әзілдесе кеттік. Жүрерде ол біздің машинаға, алдыға отырды да, екеуміз тағы әңгімемізді тоқтатпадық. Сонда Қанаған күліп:

— Қызым, сен келіп, мына менің інім түлкі көрген бүркіттей түрленіп шыға келді, абай болшы, бәленің көзі жаман екен, көзі өзгеріп кетті, — деді.

— Ой, аға, ініңіз екеуміз бұрыннан таныспыз, бірге қызмет істегенбіз, — деп, Мая жағдайды әріден тартып түсіндіріп берді. Қанағаң тыңдап болып, басын шайқады.

— Қызым, қалай бұлтақтасаң да, мына бәле сені көргенде көтеріліп кетті. Өзі жас күнімдегі мен сияқты екен, — деді, бойына желік біткенін байқататын бір түрлі қызба үнмен.

— Сіз қандай едіңіз, аға, бізге сол қызық әңгімелеріңізден айта отырмайсыз ба? — деді Мая, Қанағаңа бұрылып.

— Ендеше, қызым, айт деген өзің, енді ағаң ағытады. Тәртіпсіздеу бірдеме кетіп қалса, сөгіп жүрме.

— Тәуекел. Өз обалым өзіме. — Күліп, Мая маған көзін қысты.

Содан Көктал селосына жақындағанша, Қанағанның қызық әңгімесі бітпеді. Алғаш әкешесі қалай үйлендіргенін, жаңа Маяға өзі ескерткендей, осы арасы тәртіпсіз-ау деп тартынбай, рет-ретімен түгел айтып берді.

Көктал селосына жете бере қасынан өтіп бара жатып, Қанағанды жол бойында қалып бара жатқан туған аулыммен таныстырдым. Әкемнің әскерден қайтпағанын, шешемнің өлгенін, мені бағып-қаққан атам мен апамның да осы ауылдың жоғарғы жағында жатқандығын айттым.

— Әкең соғысқа қанша жасында кетіп еді? — деді Қанекен.

— Он тоғызында.

— Қанша жасында өлді?

— Сол он тоғызында.

— Сен қаншадасың?

— Отыз үш. Әкемнің екі жасына келдім.

Бәріміз біраз үнсіз қалдық. Көкталдан сол үнсіз қалпымызда өттік. Қанағаң үндемеген соң, біз тәртіп бұзбадық. Көктал мен Жаркенттің (Панфиловтың ежелгі аты) ортасындағы қалың тоғайға ене бергенімізде, Қанекең менің иығыма қолын салып:

— Жоқ, сен мендей емес екенсің, — деді. — Манадан бері Мая екеуіңе бөсіп келем, оның да бірақ өз трагедиясы бар. Апырмай, қандай ақымақ болғам! Жалғызым деп маңдайымнан шертпеген әкемді де осы әйел деп жүріп бір рет жылаттым. Қаңғып жүрген жерімнен іздеп тауып: “Қанабек, үйге жүрсеңші, келін көп күтіп қалды ғой!” — деп көзіне жас алды. Жалпы, жыламайтын адам еді. Оны да жылаттым. Жиырма жеті жасында Алдабегімнен айрылдым. Бәрінен айрылып келем, — деді көзіне жас алып.

— Қанаға, Алдабегіңіздің орнын Алданыңыз басты ғой, — дедім, басқа не айтарымды білмей. (Күләштан кейін үйленген әйелінен туған ұлына да Қанағаң Алдан деп ат қойған).

— Әй, Алдан Алдабектей қайдан болсын! — деді күрсініп. — Жалғыз-жалғыздан шаншылған шыбыққа қарап, кісіден өмір бойы үрей кетпейді. Сенің әкеңді сағына сөйлеген сөзіңді көріп, Алдабегімді сағынып кеттім. Жиырма жеті жасында сорлатып кетті ғой мені!

Қанағаң жасаураған көзін бізден жасырып, Жаркентке жеткенше үн-түнсіз сыртқа қарады да отырды.

Жалпы, Қанағаң Алдабекті жиі еске алатын. Өзінің сол балажандығын әкеме тартқандығымнан, ол да мені осылай жақсы көретін деп түсіндіретін. Өзінің мінін, кінәсін Қанағаң ылғи мойындап, өзіне өзі іренжіп қалып отыратын.

Алтыншы қараша күні Киров атындағы колхоздың еңбекшілерімен кездестік. Сонда

Әбілхан Қастеев атындағы орта мектептің деректері Қожабек Байшалов деген кісі өз сөзінде: “Қазақты басқа жұртқа алғаш танытқан – Жамбыл мен Күләш. Күләш Үлкен театрда “Гәккуді” салған соң, ертеңіне москвалықтар көшеде “Гәкку. Гәкку!” деп жүріпті. Алматы педтехникумында оқып жүргенімізде, Күләш, Қанабек – үшеуіміздің дәм-тұзымыз бірге болды. Осындай өнерпаз адамдармен атағы шықпай тұрып таныс болғандығымды мен мақтаныш көрем”, – деді.

Кездесуден кейін Қанағаң маған Күләшқа байланысты біраз сырларын айтты. Сірә, Байшаловтың сөзі қай-қайдағыларды есіне салып кеткен болу керек.

Оныншы қараша күні таңертең қонақүйде болатынбыз. Мен бұрынырақ тұрып, күтуші әйелге шай әзірлеттім. Милиция күніне арнап радиодан тыңдаушылардың сұрауы бойынша қазақша концерт беріп жатқан. Біреу Күләштің орындауында ән сұрапты. Әлгіні естідім де, Қанағанды оятайын деп, жатын бөлмеге қарай тұра жүгірдім. Мен босағаға жете бере, бөлме-бөлменің бәрін сырлы әуенге толтырып “Гәкку” шырқалды да кетті. Жастығын биіктеп қойып, Қанағаң да шалқасынан түсіп, тыңдап жатыр екен. Көзі шарасынан шығардай тасырайып, жүзі сазарып, Қанағаң бедірейе қалыпты. Тұла бойым шымырлап қоя берді, босағаға сүйеніп сұлқ тұрып қалдым. Қанағаңның көзінен екі тарам сырғыған жас жүрегімнің үстін сызып бара жатқандай, кеуде тұсым қатты сыздап кетті. Жібектің асыл сезімдерін әуезімен жеткізіп ән бітті. Қанағаң кемседеп: “Айналайын! Айналайын!” – деді екі рет. Іргеге аунап, бетін бүркеп алды...

Қанағаңның сондағы даусы құлағымнан әлі кетпейді. Ол дауыста бөрі – Қанағаңның бүкіл сыры бар еді. Әсіресе кешегі Күләштің Жібек, Қанабектің Төлеген кезін сағынғандығы, сол

сағыныштан жылағандығында сөз жоқ-ты. Ол ешкімді жамандамайтын, әлдекімдер жайындағы елден естіген әңгіменің анық-қанығын сұрасаң, қайтесің оны деп, қазып айтпайтын. Жақсы достарын, араластарын жиі сағынатын. Жақсыларды жоқтап, сағынып отыратын еді Қанекен.

Екеуіміз сол сапар әке мен баладай әбден түсінісіп қайттық. Осы күні оны сағынғанымда, Фурманов көшесіндегі 80-үйге келіп: “Бұл үйде өмірінің соңғы жылдары Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ ССР халық артисі Қанабек Байсейітов тұрған” деген жазуы бар тақта ескерткіштің бетіндегі Қанағанның бейнесіне ұзақ қарап тұрамын. Өзі Құрманбек туралы айтатын: “Қарқ-қарқ күліп жайрандап: “Әй, Қанабек, қайдан жүрсің?” – деп, бір бұрылыстан еркелеп алдымнан шыға келетіндей болады да тұрады”, – деп. “Әй, бала!” – деп, маған да ол кісі үйінен шыға келетіндей көрінеді.

Шындығында да, Қанаған қазақ өнерімен бізбен бірге өмір сүріп келеді ғой. Сондықтан біз онымен мәңгі жолыға береміз.

АҚЫН САРАНЫҢ АҚИҚАТЫ

Көп жылдан бері Біржан мен Сараның айтысы айналасында екі пікір тайталасумен келеді. Біреулер айтысты дейді, біреулер айтыспады дейді. Алайда нақты дәлел жетпегендіктен, екі жақ та өз тұжырымын түйіп айта алмай келеді.

Кезекті бір талас 1970-жылы да өрбіп, оған “Қазақ әдебиеті” газетінің бетінде (9-қазанда) ғалым Шеген Ахметов қорытынды пікір айтыпты. “Бірінші мәселе – айтыстың қай жылы өткендігін анықтау. Біржан 1834-жылы туып, 1897-жылы 63 жасында қайтыс болған. Бұл “Жазушы” баспасынан 1967-жылы шыққан “Біржан сал” атты кітапта нақты дәлелденген. Ол Сарамен айтысқанда:

– Адымым күні бүгін қалыбымда,
Екі жыл отыз беске келгеніме, –

дейді. Сонда жасы 37-де болғаны емес пе. Демек, айтыс 1871-жылы өткен. Сара да сол айтысқанында:

– Тақсыр-ау, он сегізге биыл шықтым, Сан жүйрік ілесе алмас самғағанда, – дейді. Олай болса, Сараның 1853-жылы туғаны анықталады”, – депті Ш.Ахметов. “Міне, “Біржан-Сара” айтысын додаға салып жүрушілер бұл тоқтамға құлақ асады ғой деп ойлаймыз”, – депті редакция да.

Бізше, негізгі дәлелді айтыстың өзіндегі мәліметтерден іздеу – бірден-бір дұрыс әдіс.

Ш.Ахметов бұл арада дұрыс ғылыми жолды ұстанған. Алайда айтысты додаға салудың мұнымен тоқтамағаны белгілі. Ақыры академик Ғабит Мүсірепов 78-жылдың 12-желтоқсанында “Қазақ әдебиеті” арқылы “Ақын Сараға соқтықпасақ қайтер” деген мақала жазуға мәжбүр болды. Бірақ талас онымен де тоқтамады. Тоқтауы мүмкін де емес еді. Өйткені ғылым ешқашан беделге тоқтамайды, дәлелге тоқтайды. Сондықтан біз де бұл хақында бірер дәлелге жүгінбекпіз.

Әуелі Біржан салдың өмірбаянына зер салайық. “Қазақ әдебиетінің тарихы” (I кітап, 2-том, 1961 ж.) жоғарыда Ш.Ахметов айтқан датаны қуаттайды. 1834-1897-жж. “Қазақ совет энциклопедиясында” да (2-том) осылай. Ал “Ол кім? Бұл не?” деген энциклопедиялық басылымда (I кітап, 1985 ж.) 1832-1897, академик А.Жұбановтың “Замана бұлбұлдары” кітабында 1831-жылы туып, “Теміртастың айтуынша, Біржан 1894-жылдың көктемінде, жазға салым қайтыс болған”, – делініпті (1963 ж. 51-бет). Бүйтіп біркелкілік сақтамауымыз, әрине, ғылыми осалдығымыз. Біржанды да сарылып зерттеушінің жоқтығы ғой. Өйткенмен 1980-жылы шыққан “Сара Тастамбекқызы” кітабында Т.Қалилахановтың, 1985-жылы шыққан “Ақын Сара” кітабында С.Қайнарбаевтың айтыс 1895-жылы өтті, Сара 38 жасында қайтыс болды деген жаңсақ деректері таластың тоқтамауына басты себеп секілді. Бұл екі кісі де Сара өмірін зерттеуде үлкен-үлкен еңбек сіңірген адамдар, бірақ олардың да қателесуі мүмкін деп ойлаймыз. Біріншіден, Біржан сал өмірінің соңғы кезінде аз дегенде 2-3 жыл аурушаң болған адам, 1897-жылы қайтыс болады. Сондай күйдегі кісінің 1895-жылы алыс жол Жетісудағы елге атпен келіп, серілік құруы сендірмейді.

Екіншіден, 1895-жылы Біржан 37-де емес, 61-де. Егер айтыста айтылған Біржанның жасына сенбесек, онда оны Біржан емес, басқа айтқан болып шығады және ол Біржанның шын жасын білмейтін біреу болады. “Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры” деген сол емес пе?

Үшіншіден, Біржанның Рахия деген келінінің айтуына қарағанда (“Біржан сал”. 1967 ж. Жазып алған – Қ.Қаңтарбаев) бертін келе ол Сараны екінші рет тағы іздеп бармақшы болады, бірақ ағасы Нұржан жібермейді. Демек, айтыс Біржанның жастау кезінде, яғни 1895-жылдан көп ертеректе болған.

Ал енді “Айтыс болған ба?” – деп күдіктенудің де жөні жоқ. Болғандығына дәлеліміздің жетпей жатқандығы – оның болмағандығына тікелей дәлел бола алмайды. Сәбит Мұқанов сол айтысқа Біржанның қасына еріп барған ағасы Нұржанның баласы Ахметжанмен жүзбе-жүз сөйлескен. Кәрібаймен айтысында Әсет:

– Алаштың жігін бөлген Сара бейбақ,
Біржаннан о да көрді талай зардап, –
десе, оған Кәрібай;

– Ол Сара бейбақ емес, анық саңлақ,
Бетіне бар арғынның салған таңлақ.
Қаңғып келген Біржанды итше керіп,
Әлі сенен кеткен жоқ өткен зардап, –

деп жауап береді (Әсет. “Шығармалар”, 1988 ж. 137-бет). Айтыстың болғандығы және елге кең тарағандығы бұдан аңғарылса керек.

Енді Сараның 38 жасында қайтыс болғандығы неге күмәндандырады, соған келейік.

Біріншіден, жазушы З.Ақышев М.Еркімбаев деген кісінің: “Сара біздің жақын жеңгеміз еді, 1913-жылы алпысқа таяп қайтыс болды”, – деген пікірін 1970-жылы 24-шілдеде “Қазақ әдебиетіне” жазған.

Екіншіден, ғалым Балташ Ысқақов та Сараны көрген адамдардың сөзіне сүйеніп, 1910-жылдары оның 50-ге жақындап қалған әйел екендігін айтады. Үшіншіден, Қазақ ССР халық артисі Қ.Байсейітов “Құштар көңіл” атты кітабында өзінің Сараны шамамен 1911-1912-жылдары көргенін баяндай келіп: “Екі бетінің ұшында қызылы бар, шешем құралпылас кісі екен. Бәлкім, менің шешемнен де егделеу ме деп те қалам”, – дегені бар емес пе? Ал Қанекен 1905-жылы шешесі 37-ге келгенде туған (1-9-бет). Мұның бәрі Сараның 38-ақ жыл өмір сүргеніне күдікпен қаратады. Сараның бес бала көтерген ана екенін де ескерген жөн сияқты.

Біржан Сараның аулына қай кезде келуі мүмкін дегенді біраз ғалым болжауға тырысқан. С.Мұқанов – біржан әуелі Абай аулында болып, содан соң Жетісу асқан деген болжамды тұңғыш айтушы. Есім Байболов 70-жылдарда айтысқан депті. Е.Ысмайылов та Біржан Абай аулына келген соң, 80-жылдарда айтысқан дейді. Ал ҚСӘ “1865-жылдары Абаймен кездесуі Біржанның композиторлық, әншілік, ақындық өнерінің дами түсуіне үлкен әсер етеді”, – деп жазыпты. Алайда А.Жұбанов 1865-жылы жазда Азнабайдың поштабайы Біржанның басына қамшы ұрғанын, соған орай әйгілі “Жанбота”, “Адасқак” әндерінің туғандығын дәлелдейді. Демек, бұл жылдары Біржан сал Жетісуға сапар шеге қоймаса керек. Оның үстіне 1865-жылы Абай әлі 20-да ғана емес пе? Ол 1845-жылы туған ғой.

Бізді қоймай таластырып жүрген осындай-осындай қиюы мен қисыны келмейтін даталар

болса керек. Сонан соң біз Ғабен айтқан бір сақтандырудан әлі сабақ ала алмай жүрміз. “Сараның пәленше құрбысына, түгенше нағашысына, одан оның пәленше жиенінің түгенше жиеншарына жетіп, содан жазылып алынды дегендердің бәрін де жіті көзден, білгір мамандардың елегінен өткізіп қана, ең керегін кәдеге алуға болар”, – деген болатын ол кісі. Бізді сол талғамай алынған мәліметтер де таластырып жүр.

Жақында Сараның Біржаннан басқа адаммен де айтысқаны мәлім болып отыр. “Жазушы” баспасы 1988-жылы шығарған “Айтыс” кітабының 2-томында “Төребай мен Сара” айтысы жарияланды. Есқожаұлы Төребай деген кісі 1844-жылы Жамбыл облысының Қордай ауданында туып, 1911-жылы қайтыс болған екен. Ол Бақтыбай ақынның әйелі Мәйкемен де айтысыпты.

Өкінішке орай, бұл екі айтыс та бұған дейін жарияланбай, соның зардабынан ғылыми пікірлерге түрткі болмай келіпті.

Енді Төребаймен айтысқандағы Сараның өз сөздеріне жүгініп көрейік:

“Белгілі әйелде ерке сал екенім,
Біледі үйсін, найман Сара екенім.
Атақты сал Біржаннан бата алғанмын,
Біледі ел өлеңге ебім бар екенін.
Қырықтың сегізіне жасым келді,
Екпіндеп өзге ақыннан басым келдім”, –

деп бір тастайды.

“Ол. Рас. Біржан маған пана болған,
Бекбай мен маған өкіл аға болған.
Біржанға он сегізде мұңым шағып,
Ақыры Жиенқұлдан азат болғам”, –

деп тағы айналып соғады. Айтыстың қай жылдар шамасында өтуі мүмкін екендігі кітапта айтылмапты, алайда Сараның 38-ден көп жасағандығы күмәнсіз ғой деп ойлаймыз. Енді Төребайдан сөз тартайық.

“Батасын Біржан салдың мен де алғанмын,
Айтыста қатарымнан кем қалмадым.
Өзіңді Бекбайға қосып, бата беріп,
Білемін Біржан сені құтқарғанын...”

“Арғын менен қыпшақты кемітем деп,
Жеңілдің сүйіндік арғын Жәмшібайдан”,

“Ояз бен Біржан салдың достығынан,
Сен болдың Жиенқұлдан мүлде азат...”

“Он төрт жас Әсет ақын сенен кіші...”

“Әсетпен сен айтыстың сиыр жылы,
Жүсіпбек келіп кетті барыс жылы”.

“Қырықтың сегізіне сен де келсең.

Елудің жетеуіне мен де келгем.

Осы бір тышқан жылы кездесер деп,
Найманға сізді әдейі іздеп келгем”.

Мұндағы әр сөзді қуа берсең, әңгіме әжептәуір көбейіп кетеді. Әзірге бізге керегін ғана алсақ, Төребай 57-ге 1901-жылы келуге тиіс. Ал сол жылы 48-ге келсе, онда Сара 1853-жылы тууға тиіс. Демек, Ш.Ахметовтың айтқаны дұрыс болғаны ғой. Сонда Біржанмен айтысқанда жасы 18-де болса, айтыс 1871-жылы өткен ғой. Онда 1834-жылы туған Біржанның 1871-жылы 37-ге келгені де рас. 1867-жылы туған Әсеттің 1853-жылы туған Сарадан 14 жас кіші екені де дәл. Осыншама дәлдік Төребайдың сөзіне еріксіз ілтипатпен қаратады. Жәмшібайдан Сараның жеңілгеніне де, Әсетпен айтысқанына да, Жүсіпбек Шахүлисламовпен барыс жылы жолыққанына да нануға тура келеді. Өйткені өзі де

жалайыр ішінде Қаратал бойында тұрып жатқан ақынға иланбау үшін де себеп керек, ал ондай себеп жоқ.

1867-жылы туған Әсет 1871-жылдан кейінгі сиыр жылы 1877-де бар-жоғы он жаста, демек ол Сарамен келесі жылғы сиырда, яғни 1889-жылы 22 жасында айтысқан. Ал Жүсіпбек соның келесі жылы, яғни 1890-жылы барыста Сараға келіп кеткен. Демек айтыс содан кейін 8 жылдан соң барып Қазанда басылып шыққан.

Төребайдың сөзінде сырт қарағанда тетірлеу келетін бір жәй бар: ол – Сара екеуінің тышқан жылы айтысуы. Тышқан жылы негізінен 1900-жылға тура келеді, алайда ол қазақша есеппен 1901-жылдың 22-наурызына дейін созылады. Бұл бір жылға ауытқу осындай есептің салдары болар деп шамалаймыз. Немесе айтыс 1901-жылы қыс ішінде өткен.

“Төребай мен Мәйке” айтысында да қосымша дәлелге жарар біраз мәлімет береді. Төребайдың:

“Қыздары үйсін, найман шалықтаған,
...Кірмесің деген сөзді жаттап алып,
Айтуда бір-бірінен қалыспаған” –

деуі Сараның да солай айтқанына меңзейді. Демек ол Мәйкемен Сарадан кейін айтысқан. Ал:

“Белгілі жалайырға Бақтыбайды,
Өлеңге қоспауымыз жарамайды,
Аруағы жарықтықтың разы болсын”, –

деуіне қарағанда, Бақтыбай қайтыс болғаннан соң, яғни 1902-жылдан кейінгі уақыттарда айтысқан.

“Сыйынам Біржан салға ұстаз санап,
Біржанды ұлы ақынға қойдым балап.

Ертеде Жетісуға келгенінде,
Біржаннан бата алып ем құда қалап”.
“Бақтыбай жүйрік ақын болса дағы,
Қатардан Мәйке, Сара озса дағы.
Үшеуі сал Біржандай болған емес,
Қолдарын көктегі айға созса дағы.
Біржанның ол төртеуі алдын көрген,
Біржан сал оларға да бата берген”, –

деген Төребай сөзі Біржанды көрмеген адамның сөзіне еш ұқсамайды. Бұдан кейін де Біржан Жетісуға келген жоқ, Сарамен айтыспады деп айтудың өзі тек әдебиетке емес, тарихқа да қиянат болар деп ойлаймыз.

ТӨРЕБАЙ АҚЫН

Әртүрлі себептермен аты әдебиетте белгісіз болып келген ақындардың бірі – Төребай Есқожаұлы.

Мен өзім мұндай ақынның болғандығын “Жазушы” баспасынан “Айтыс” кітабының 2-томы шыққан соң, яғни 1988-жылы ғана білдім. Бұл кітапқа Төребайдың әйгілі ақын Сарамен және атақты Мәйкемен айтысы беріліпті. Төребай ақын, бұл кітаптағы айтыстың берілуіне қарағанда, екеуін де жеңгенге ұқсайды. Ақынды ақын бірде жеңеді, ақыннан ақын бірде жеңіледі, – өз басым оны әлденеге байланыстырғанға қарсымын. Өйткені кезінде Әсет ақынның шығармашылығын зерттей жүріп, соншалық талантты, соншалық тапқыр ақынның ойда жоқта қате сөйлеп қалғанына бола Кәрібай ақыннан қалай жеңіліс тапқанын түсіндім. Айтыс ақынына суырып салып айту ғана жеткіліксіз, ол оймен, біліммен, әзілмен айтысады. Оған жағдай да, сәттілік те көмектеседі. Сондықтан Сараның Төребайдан жеңілуін әйгілі Біржанды жеңген Сараның беделіне нұқсан деп ұқпау қажет. Ол жағдай Төребайдың бағын байламауға тиіс.

Ал Сараның өміріне қатысты көп жұмбақты біз тек Төребайға байланысты ғана шеше аламыз. Мәселен, Сарамен айтысында Төребай былай дейді:

Қырықтың сегізіне сен де келсең,
Елудің жетеуіне мен де келгем.

Осы уақытқа дейін әдебиетшілер мен зерттеушілер Сара бар-жоғы 38-ақ жыл жасаған, ерте өлген деп жүрген жоқ па? Ал Төребай оған 48-ге келдің дейді. Бұл қалай? Ең бастысы, бұл Төребайың кім өзі? Оның айтқанына сенуге бола ма, жоқ па?

Менің алдымда Талдықорған облысының Талдықорған аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Сәбит Жұмабайұлы Биболов деген азаматтың хаты жатыр. Ол өзі осы арада туып-өскен жігіт. Сәбиттің айтуында да, “Айтыс” кітабының жазуында да Төребай 1844-жылы туып, 1911-жылы қайтыс болған.

Кітаптың айтысында Жамбыл облысының Қордай ауданындағы Кекілік Сеңгір тауының етегінде туған. Ал Сәбит Төребайдың өз ұрпақтарының айтуы бойынша, ол Батыс Қазақстан облысына қарасты Жымпиты ауданында туған дейді. Ал аталарының Жетісуға келуі ақынның немере қызы Нұртай деген кісінің айтуынша Кенесары – Наурызбай көтерілісіне қатысуға байланысты екен. Батырлар опат болған соң, алыс елге орала алмай, осында қалып қойса керек. Жалайырлардың оларға жазғы жайлауы мен қысқы қыстауын сайлап бергеніне қарағанда, сол кезде жағалбайлылар мен жалайыр арасында не құда-жекжаттық байланыс болған, не беделді бір адамдардың ілік-шатыстығы себеп болған шығар деп жорамалдаймыз.

Шапқылап Жетісуда жүргеніңше,
Тапсайшы Еділ менен Жайығыңды, –
деп Сараның тиісуіне қарағанда, Төребайдың аталары, сірө, Қордайдан емес, Жайықтан-ақ келген шығар.

Ал Мәйке ақынның мына сөзі де көңіл аудартады:

Аз алшын жалайырды жағалаған,
Қырғыздың манабынан соққы көріп,

Бізге кеп бас сауғалап паналаған.
Арқаға талап қылып бара алмаған,
Мекендеп Кекілікте қала алмаған.

Бұған қарағанда, Кенесары – Наурызбай көтерілісінен кейін Төребай ақынның аталары біраз уақыт Қордайдың Кекілік Сеңгірін мекендеген де сияқты. Қырғыздар маза бермеген соң барып, қазақтың ішіне қарай көшіп, аулақтап қоныс аударған болу керек.

“Төребай жүз қырық үйдің басшысы”, – деп, Сөз келсе, Мәйке одан қорқа алмайды, – дейді.

Соған қарағанда, Жетісуда қалып қойған жағалбайлылар жүз қырық үй болса керек.

Сара да, Мәйке де Төребайдың ауып келгенін айта береді. Сонда Мәйкеге ол былай депті:

Қыздары үйсін, найман шалықтаған...

“Кіркесің” деген сөзді оған Сара да айтқан. Яғни ол Сарамен Мәйкеден бұрын айтысқан. Және ол Мәйкемен айтысқан кезде оның күйеуі – әйгілі Бақтыбай ақын қайтыс болып кеткен. Өйткені Төребай Мәйкеге:

Белгілі Жалайырға Бақтыбайды
Өлеңге қоспауымыз жарамайды.
Аруағы жарықтықтың разы болсын,
Сөкпендер мұны айтты деп Төребайды, –

дейді. Ал Сараға айтқанда:

Жалайыр Шыбындыдай қыстау берді...
Таңдаулы Сарноқайдай жайлау алдым,
Қасыма әнші-ақынды жинап алдым, –
дейді.

Төрөбай ақынның ұрпақтары әлі де сол Шыбынды мен Сарноқайдың қызығын елмен бірге көріп келе жатыр. Шыбынды тауы Талдықорғанның қазіргі Көксу ауданына, ал Сарноқай жайлауы Талдықорған ауданына қарайды. Ақынның сүйегі Шыбынды тауының етегіне жерленіпті. Дәл бейітін Төрөбайдың ұлы Мұшыратбек ақсақал білетін көрінеді, әкесі өлгенде ағасы Опабек он жаста екен, кезінде сол ертіп апарып көрсетіпті.

Ақынның бірінші зайыбының аты Әздек екен. Төрөбай ауырып қайтыс болады, оның артынан бірекі жыл аралығында Әздек те дүниеден өтеді. Олардың тұңғышы Хүсния атты қыз 1983-жылы 84-жасында Сарқанда қайтыс болыпты, одан Төлеу атты бір ұл бар көрінеді. Ұлдан тұңғыш Опабек деген кісі 65 жасында қайтыпты. Сауранбек деген баласы қазір 89-да, Мұшыратбек екеуі Жеңдік деген ауылда тұратын көрінеді. Керімбек деген баласы 1976-жылы қайтыс болыпты. Жалпы, Төрөбайдың екі әйелінен он сегіз бала өрбіпті. Екінші әйелінің аты Қали болыпты.

Төрөбай ақынның ұзақ уақыт қасында жүрген, ол Сарамен айтысқанда бірге болған Сейдахмет Кебенекұлы деген кісі 1975-жылы тоқсанның мол ішіне келіп дүниеден өтіпті. Айтыс кезінде Сейдахмет 25-ке келген жас жігіт көрінеді. Кезінде Сейдахмет қариядан Сара екеуінің айтысын ауылдық Кеңестің төрағасы Кәдіржан Жексенов деген азамат жазып алып, Ғылым академиясының адамдарына тапсырыпты.

Менің Сәбит Биболов інімнің хаты арқылы алған мәліметтерім әзірге осылай.

Енді Төрөбайдың ақындығы мен “Айтыс” кітабында жарияланған айтыстары хақында сөз қозғайық.

Біріншіден, Төрөбай өз кезінде күллі Жетісуға белгілі, беделді ақын болған. Оның ең басты себебі

– Шоқан Қоянкөзде қайтыс болғанда, оған оның жоқтау шығаруы. Ол жоқтау 80-жылдардың ішінде “Білім және еңбек” журналында жарияланды. Шоқандай халық азаматына жоқтау жазуды ол кезде кез келген ақынға жүктемесе керек. Төребайға тоқтағандарына қарағанда, Жетісу өңірінде оның бедел-бітімі озық тұрса керек.

Екіншіден, оның қай дәрежедегі ақын екендігі айтыстарынан да қылаң береді.

Үшіншіден, Төребайдың Сарамен айтысы – қазақ әдебиетінің тарихы үшін де өте бағалы айтыстардың бірі. Оны біз тарихи айтыс деп тануға тиіспіз. Себебі ол айтыс – ақын Сараның өмірбаяндық ақиқатын анықтап беретін бірден-бір құжаттық айтыс.

Әдебиетте ақын Сара жайында аз әңгіме айтылып келе жатқан жоқ. Ең әуелде Сара мен Біржан айтыспаған, оны Әріп ақын ойдан жазған деген қисын айтылды. Оған қарсы айтысқандығын дәлелдеушілер, тіпті айтыстың басы-қасында болғандарды куәге тартушылар да болды. Бірақ бұл екі жақтың бірде-бірі Сара жайындағы әңгімеге тоқтау қоя алмады. Өйткені Сара мен Біржанның жастарындағы, айтысты деген мезгілдегі алшақтықтар күллі күмәнға негіз болды да отырды. Ақыр аяғында 1978-жылы академик-жазушы Ғабит Мүсірепов: “Ақын Сараға соқтықпасақ қайтер!” – деген ескертпе айтуға мәжбүр болды. Ол кісі екі жақтың дауына бола қазақ әдебиетінің жауһарына жататын керемет айтыстың беделіне нұқсан келе ме деп қорықты.

1986-жылдың 23-мамыры күні “Қазақ әдебиеті” газеті ғалым Төкен Әбдірахманов пен ақын Өтепберген Ақыпбековтің Сараға қатысты мақалаларын берді. Содан кейін Сара жайындағы әңгіме саябырсығандай болды, бірақ даулы мәселе даулы күйінде қала берді, ғылым өзінің шешімді

пікірін айтқан жоқ. Айту қиын да еді, өйткені дәлел жоқ-ты.

Біржан мен Сараның айтысқан-айтыспағанын, айтысса қай жерде айтысқанын білу – бір-бірімен байланысып жатқан өте күрделі мәселе. Оның күрделі болатын себебі – біз әлі күнге дейін Біржан салдың да туған, өлген жылын ғылыми дәл анықтай алған жоқпыз, шамалап қана айтып жүрміз. 1981-жылы Біржанның 150 жылдығын да атап өттік. Бірақ Біржанның дәл 1831-жылы туғанына күмән әлі бар. Ол күмән шешілмейінше, Сараға қатысты күмән де өз шешімін таппайды. Олар бір-бірімен өте байланысты.

Біздің ойымызша, Біржан мен Сараға қатысты күллі күмәннің басын ашатын бірден-бір айтыс – Төребай мен Сараның айтысы. Енді соған келейік.

Кешегі он сегіздей жалын жаста,
Түбек, Дулат, Балтадан бата да алдым, –

дейді Төребай. Бұл сөз оның қара жаяу емес, жасынан-ақ көзге түскен, сөзге ілінген адам екенін танытады.

Атақты сал Біржаннан бата алғанмын,
Біледі ел өлеңге ебім бар екенін.
Қырықтың сегізіне жасым келді, –

дейді Сара. Біржаннан бата алғанын мақтана, қарсыласының пысын басу үшін айтады.

Т.Қалилаханов, С.Қайнарбаев сияқты зерттеушілер Сара бар-жоғы 38-ақ жас өмір сүрген, айтыс 1895-жылы өткен, яғни Сара 1878-жылы туған дейді. Бүкіл өмірбаяндық, шығармашылық үйлесімсіздіктің басты себебі осы тұжырымның шындыққа жанаспайтындығынан туындап келеді. Алайда биыл Талдықорған жұртшылығы осы датаны

пікірін айтқан жоқ. Айту қиын да еді, өйткені дәлел жоқ-ты.

Біржан мен Сараның айтысқан-айтыспағанын, айтысса қай жерде айтысқанын білу – бір-бірімен байланысып жатқан өте күрделі мәселе. Оның күрделі болатын себебі – біз әлі күнге дейін Біржан салдың да туған, өлген жылын ғылыми дәл анықтай алған жоқпыз, шамалап қана айтып жүрміз. 1981-жылы Біржанның 150 жылдығын да атап өттік. Бірақ Біржанның дәл 1831-жылы туғанына күмән әлі бар. Ол күмән шешілмейінше, Сараға қатысты күмән де өз шешімін таппайды. Олар бір-бірімен өте байланысты.

Біздің ойымызша, Біржан мен Сараға қатысты күллі күмәннің басын ашатын бірден-бір айтыс – Төребай мен Сараның айтысы. Енді соған келейік.

Кешегі он сегіздей жалын жаста,
Түбек, Дулат, Балтадан бата да алдым, –

дейді Төребай. Бұл сөз оның қара жаяу емес, жасынан-ақ көзге түскен, сөзге ілінген адам екенін танытады.

Атақты сал Біржаннан бата алғанмын,
Біледі ел өлеңге ебім бар екенін.
Қырықтың сегізіне жасым келді, –

дейді Сара. Біржаннан бата алғанын мақтана, қарсыласының пысын басу үшін айтады.

Т.Қалилаханов, С.Қайнарбаев сияқты зерттеушілер Сара бар-жоғы 38-ақ жас өмір сүрген, айтыс 1895-жылы өткен, яғни Сара 1878-жылы туған дейді. Бүкіл өмірбаяндық, шығармашылық үйлесімсіздіктің басты себебі осы тұжырымның шындыққа жанаспайтындығынан туындап келеді. Алайда биыл Талдықорған жұртшылығы осы датаны

растап, Сараның туғанына 115-жылдығын тойлап өтті. Өлдебір қисынды бұлайша зорлап мойындатуға тырысу Сараға да, шындыққа да ешқашан қызмет жасамайды.

Біржан мен Сара айтысының бір басылымында Сара: “Тақсыр-ау, он сегізге биыл жеттім”, – десе, (1985, “Ақын Сара”, 93-бет), екінші басылымда: “Тақсыр-ау, он жетіге биыл шықтым”, – дейді (“Тордағы тоты”, 1980, 73-бет). Бұған қарағанда, Сара, тегі, Біржанмен осы екі жастың бірінде жолыққан-ақ. Осының қай жасына тоқтауымыз жөн екенін Төребайдың мына төмендегі сөзі байқатады. Ол Сараға:

Мен де білем сенің де бар екенің,
Найманда ақынсымақ Сара екенің,
Біржанға он сегізге мұңын шағып,
Құтылған Жиенқұлдан жан екенің.

Батасын Біржан салдың мен де алғанмын,
Айтыста қатарымнан кем қалмадым.
Өзіңді Бекбайға қосып, бата беріп,
Білемін Біржан сені құтқарғанын.

Шығарған ақын Біржан атағыңды,
Тындырған Жиенқұлмен шатағыңды, –

дейді. Бұған қарағанда, біз әншейін бекер арамтер боп жүрміз. Біржанның Жетісуға келгені, Сараның онымен 18-інде айтысқаны, Біржанның оны Жиенқұлдан құтқарып, Бекбайға қосқаны – бәрі мұнда нақпа-нақ айтылып тұр. Табылмай тұрған бір тетік – айтыстың қай жылы болғандығы ғана. Қисынмен қуаласак, оны да табуға болады. 48-де екенін Сараның өзі де, Төребай да айтып отыр ғой. Ендеше, 1878-жылы туған Сара Төребаймен 48 жылдан кейін, яғни 1926-жылы айтысады. Алайда бұл уақыт – Сараның өлгеніне 10 жыл өткен уақыт.

Өйткені Т.Қалиханов та, С.Қайнарбаев та Сараны 1916-жылы 38-жасында қайтыс болған деп дәлелдейді.

Ал Сараның 18-ге келген жылы 1898-жыл болады, айтыс сол жылы өтті десек, онда бұл жыл не Біржанның қайтыс болғанына төрт жыл (өз ұлы Теміртастың С.Мұқановқа айтуында, Біржан 1894-жылы өлген) не қайтыс болуына әлі бір жыл (1967-жылы “Жазушы” баспасынан шыққан “Біржан сал” атты кітапта 1897-жылы 63 жасында өлгені дәлелденген) бар. Біржанның өлер алдында екі-үш жыл қатты науқас болғандығы белгілі, сондықтан **Сара 1878-жылы туды деген пікір ешқандай да сын көтермейді.** Оның үстіне Сараны жастай өлген деу арқылы әдебиеттегі оның рөлін айшықтау мүмкін емес және мүлде қажетсіз.

Сараның егде жасқа кеп қайтыс болғанын айтушылар әдебиетте көп, бірақ соларды тыңдау, ол сөзге тоқтау кем. Мәселен, жазушы З.Ақышев М.Еркінбаев деген кісінің: “Сара біздің жақын жеңгеміз еді, 1913-жылы алпысқа таяп қайтыс болған”, – деген пікірін жазды (“Қазақ әдебиеті”, 24-шілде, 1970). Ғалым Балташ Ысқақов та 1910-жылдары Сараның 50-ге жақындап қалған әйел екендігін куәлендіреді. Қазақстанның халық әртісі Қанабек Байсейітов “Құштар көңіл” кітабында 1911-1912-жылдарда Сараны көргенін, оның сол кезде шешесінен де егделеу әйел екендігін айтады. Ал Қанекеннің шешесі оны 1905-жылы 37 жасында туған, 1911-жылы 41-ге келген кісі.

Осындай-осындай кереғарлықтарды білген соң Төребайға дұрыстап құлақ қоймасқа амал жоқ. Бір күдік: Біржанның Сараны Жиенқұлдан қалай құтқарғанын біле алмайсың. Біржан өзін қалай тындатқан: беделімен ғана ма әлде тағы бір әрекеттер жасаған ба? Төребай оған да жауап береді:

Ояз бен Біржан салдың достығынан
Сен болдың Жиенқұлдан мүлде азат, —

дейді ол. Демек, Біржан бұл іске шындап кіріскен: беделін де, байланысын да жұмсаған. Мұның бәрінен Сараның аулында Біржан біраз аялдаған, аралаған деген қорытынды шығаруымызға әбден болады. Өйткені әлгі істер екі-үш күннің аралығында оп-оңай орындала қоятын істер емес. Бұл ойымызды Төребайдың Мәйкемен айтысындағы мына сөздері де тереңдете түседі:

— Шамасын Шүкей жыршы білесіңдер,
Оны айтып сөздің соңын көбейтпейін.
Бақтыбай жүйрік ақын болса дағы,
Қатардан Мәйке, Сара озса дағы.
Үшеуі сал Біржандай болған емес,
Қолдарын көктегі айға созса дағы.
Біржанның ол төртеуі алдын көрген,
Біржан сал оларға да бата берген, —

дейді. Біржанды қатты сыйлап:

Сыйынам Біржан салға ұстаз санап,
Біржанды ұлы ақынға қойдым балап.
Ертеде Жетісуға келгенінде,
Біржаннан бата алып ем құда қалап, —

деуі Төребайдың өрелі, инабатты ақын екендігін де танытады. Отыз жыл бұрын алдын көрген Біржанды бұлай ардақтауы оның өзіне де ілтипатынды аударды.

Бір шындықты мойындау үшін оны бұрыннан белгілі шындықтармен салыстырып көрген де кейде теріс болмайды. Осы тұрғыдан келгенде Төребайдың Сараға айтқан мына сөздері аса құнды:

Он төрт жас Әсет ақын сенен кіші...
Әсетпен сен айтыстың сиыр жылы,
Жүсіпбек келіп кетті барыс жылы.
Сара, сен шамалы ақын болсаң дағы,
Шығарды атағыңды Біржан жыры...

Қырықтың сегізіне сен де келсең,
Елудің жетеуіне мен де келгем.
Осы бір тышқан жылы кездесер деп,
Найманға сізді әдейі іздеп келгем.

Төрөбай мен Сара, байқасақ, тышқан жылы айтысқан. Және сол жыл Сара 48-де, Төрөбай 57-де. Міне, осы үш дерек басқа даталарды анықтауымызға басты негіз болуға тиіс.

Сонда Сара 48-ге, Төрөбай 57-ге шыққан тышқан жылы қай жылға тура келеді?

Сарадан 14 жас кіші болса, Төрөбай екеуінің айтысы кезінде Әсет ақын 34-ге болуға тиіс. Ал **Әсет ақынды 1867-жылы туып, 1922-жылы 55 жасында қайтыс болды деп жүрміз.** Олай болса Әсет 34-ке келетін жыл 1901-жылға тура келеді. Бірақ қазақша күнтізбе бойынша тышқан жылы 1901 емес, 1900 жыл. Демек, Төрөбай мен Сара сол 1900-жылы айтысқан. **Сол жылы Төрөбай өзі айтқандай, елудің жетеуіне келсе, онда ол 1843-жылы туған боп шығады.** Бұған сенсек, Төрөбай не 1844-жылдың наурызына дейін яғни қазақша жаңа жыл ұлу басталғанға дейін қоянның соңында туған не 1844-қоян жылы туды деген деректе бір кінәрат бар.

1900-жылдан бұрынғы сиыр жылы 1889-бен 1877-ге тура келеді. Сонда Әсет Сарамен осы екі жылдың бірінде айтысады. Бірінде 10 жаста, екіншісінде 22-де. Біздің ойымызша, 22-сінде айтысты дегеніміз орынды болмақ. Әдебиет үшін бұл ақиқат та аз ақиқат емес.

Егер 1900-тышқан жылы 48-ге келсе, онда Сара 1852-жылы туған болып шықпай ма? Онда ол 18-ге 1870-жылы келіп, Біржанмен сол жылы жолықпай ма?

Сара 1889-сыыр жылында Әсетпен айтысса, Жүсіпбек Сараға келесі барыста, яғни 1890-жылы келген ғой. Айтысты сол келісінде жазып алып, Қазанда 1898-жылы бастырып шығаруы да қисынға келмей ме?

Егер осы есептеуді дұрыс көрсек, онда Сарамен 37 жасында айтысқан Біржан сал 1833-жылы дүниеге келуге тиіс қой. Сонда айтысқан кезде, яғни 1870-жылы Сара 18-де, Біржан 37-де болып шығады. Айтысқан кезде Біржанның:

Адымы күні бүгін қалыбымда,
Екі жыл отыз беске келгеніме, —

дегені, бұл тұрғыдан қарағанда, дүп-дұрыс болады да шығады. Ал егер Біржан мен Сараның өз сөздеріне сенбей, оған басқа сырттан дәлелдер іздеуді, куәлер тартуды бұдан кейін де тоқтатпайтын болсақ, онда біз Төребайға да тоқтамаймыз. Өйткені кезінде Біржан мен Сараның өз сөздерін шындыққа негіз етіп зерттеген ғалымдар болған. Мәселен, Ш.Ахметов айтыс 1871-жылы өткен, Сара 1853-жылы туған дегенді сонау 1970-жылы-ақ айтқан (“Қазақ әдебиеті”, 19-қазан, 1970), бірақ оның сөзіне Сара 38-ақ жыл жасаған деушілер әлі көнбей келеді.

Қырықтың сегізіне жасым келді...
...Ол рас, Біржан маған пана болған,
Бекбай мен маған өкіл аға болған.
Біржанға он сегізде мұңым шағып,
Ақыры Жиенқұлдан азат болғам,

...Шығарған, рас Біржан атымды елге,
Біржанға тең ақын жоқ біздің елде, –

Сараның өз айтқанына да тоқтамау, меніңше, әдеби де, мәдени де намыс болмаса керек. Жоқтан өзгені намыс қыламыз деп жүріп Сараның, бүкіл қазақтың аты мен атағын тар шеңберге құрсаулап алуымыз мүмкін.

Сараның өмірбаянына қатысты Төребай айтысын әңгіме етіп мен, мәселен, 1989-жылы “Лениншіл жасқа” “Ақын Сараның ақиқаты” деген мақала жаздым (26-көкек). Онда Сараны 1853-жылы туды деген Шеген Ахметовтың пікірін қостадым. Биыл Мұхтарбек Кәрімұлы деген кісі “Ана тілі” газетінде “Ақын Сара қай жылы туған?” деп (03.06.93) мақала жазып, ол да 1853-жылы туды дегенді дәлелдеді. “Әсет туған 1867-жылдан 14 жасты шегерсек, 1853-жыл шығады. Осы 1853-жылға Сараның Біржанмен айтысқан кезіндегі 18 жасын қоссақ, айтыс 1871-жылы болған”, – дейді ол. Алдыңғы мақаламда мен де осылай дегем, алайда мен ол кезде Төребай мен Сараның айтысып отырған кезі 1900-тышқан жылы екенін ескермеппін. Және бұрынырақта пікір айтқан Ш.Ахметовтың ықпалында кетсем керек. Жыл санауға өте шебер екені көрініп тұрған Төребай өзінің Сарамен тышқан жылы айтысып отырғандығын жай қателесіп айта салған деуге еш қисын жоқ. Сондықтан Әсеттің Сарадан дәл 14 жас кіші екендігін қате айтқан болар деп күмән келтіру қисындылау.

1992-жылы “Біржан мен Сара айтысының тарихы және оның көркемдік текстологиялық ерекшеліктері” деген тақырыпта диссертация қорғаған жас ғалым Мұхаметжан Имашев ақын Сара 1854-жылы туған, Біржанмен 1871-жылы айтысқан деген пікір айтады

(автореферат). Ол бірақ мұны Төребай жайлы ештеңе білмей тұрып айтады.

Осының бәрі Сара, Біржан, Әсет ақындардың өмірбаяндық деректерін анықтауда Төребайдың Сарамен және Мәйкемен айтысы үлкен маңызды рөл атқаратындығын дәлелдесе керек.

Әзірге әдебиетке екі айтысы мен Шоқанға шығарған жоқтауы ғана белгілі Төребай ақын зерттеуге, үлкен ілтипатқа ылайық екендігін осы айтқан мысалдарымыз да дәлелдесе керек. Оның тіпті жай ғана:

“Тар шеке, көзің көкшіл, жүзің сары.
Әйелсің орта жаста қайқиған төс”, –

дегені де Сараның түр-түсін анық білуге мүмкіндік береді. Мұндай танымдық мәні жағынан оның өлеңдері айрықша зерттеуді қажет етеді.

Айтыс кезіндегі пікірлеріне қарағанда, Төребай өте зерек, халық ішіндегі оқиғаларға аса сергектікпен қарайтын кісі болған сияқты. Мәселен, ол Сарамен айтысқанда, оны жай ауыл үйдің әңгімесімен қажамайды, үлкен елдік дәрежеден тиісіп, өз елінің атақты, бағалы кісілерін білмейсің, соларды мадақтамайсың деп сөгеді. Өз елінің жақсыларын мақтағанда да олардың халыққа істеген айрықша еңбектерін атап көрсетеді:

Екі Мырқы Сырдарияға көпір салған,
Ісіне қазақ қауым разы болған...
Көп ерлер Құнанбайға еліктеген,
Жауы да Құнанбайды кемітпеген.
Мекеге жүз кісілік үй салдырып,
Үш жүзге даңқы шыққан ерлікпенен...
Алысқан ақ патшамен теңдік үшін,
Найманда Ер Сырымдай қай кісі бар?..
Алшында бір ақыным – Қашағаным,

Ел көрді мылтық, қылыш жасағанын.
Жанқожа, Сүйінқара қатар шығып,
Жұрт көрді қалың қолды бастағанын, —

деп, ірі мінез көрсете өлеңдетеді.

Мақтасаң, Ақтамберді ерді мақта,
Несіне бұзықтарды сөз қып жүрсің?..
Арнайы жібермеген елдің кегін
Кенженің мақтамадың Асылбегін.
Оязға көш үстінде қамшы үйірген,
Айтпадың Тәжікенің Есімбегін...
Рүстем төреден Естеместің кегін алған,
Айтпадың садыр найман Манақбайды...
Есіңнен кеткендігі сол емес пе,
Айтпадың Бағаналы Барлыбайын...
Мақтасаң, Қабанбайдай ерді мақта,
Болмаса, сенің айтқан сөзің құрсын, —

деп, Сара атамай кеткен найманның атақты
адамдарын өзі тізбелеп береді. Ал Мәйкеге:

Қазақ пенен қырғызды жауластырған,
Жауыздарды мықты деп өлең айтпа.
Жатым емес, қырғыз да ағайын ел,
Шыққан ғой ол жұрттан да не сабаз ер, —

деуі оның өресі биік, әр жағдайды елдік, халықтық
тұрғыда қарап бағалайтын байыпты адам екенін
аңғартады.

Туғанына 150 жыл толып отырған Төребайдай
ақынды қазақ әдебиеті бұдан былай өз зерттеуінен
қағажу қалдырмауға тиіс. Оның өмірі өткен
Талдықорған, Көксу аудандарының азаматтары
ақынның бейіті басына ескерткіш орнатып, ел
аузында жүрген шығармалары бар болса, жинап,
зерттеп, халық қазынасына дер кезінде қосып
отырар деген ойдамыз.

МАЗМҰНЫ

КҮЛӘШТІҢ ҚҰДІРЕТІ	3
ӘЙГІЛІ ЖАМАЛ ӘНШІ	28
МҰҚАН ТУДЫРҒАН ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШ	43
ӘНМЕН ӨРІЛГЕН СЕЗІМ	60
ӨНЕРІМІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫ	71
АҚЫН САРАНЫҢ АҚИҚАТЫ	78
ТӨРЕБАЙ АҚЫН.....	86

Нұржекеұлы Бексұлтан

ӨНЕР ҚҰДІРЕТІ

Тарихи-танымдық мақалалар

Редакторы *А. Естен*

Техникалық редакторы *Т. Суранова*

Компьютерде көркемдеген *Г.Сәрсенбаева*

Басуға 22.04.2003 қол қойылды. Пішімі 70x100¹/₃₂.
Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 3,4. Шартты бояу
көлемі 3,6. Есептік баспа табағы 3,8. Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс № 662.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігінің “Білім” баспасы,
480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Тапсырыс дайын диапозитивтерден басылды.



ЖШС РПБК «Дәуір», 480009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 42-36-31, 42-07-90,
E-mail: rpikdauir@nursat.kz

